

Жазушы Төлен ӘБДІК:

КӨШПЕЛІ ЕЛДІҢ ДАМУЫ ТАСБАҚАНЫҢ АЯҢЫНА ҰҚСАЙДЫ

Сарқылмасын Сыр - Ана!



№3
(1758)
23 қаңтар
2025 жыл
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW.Qaa.kz qaa.kz Ақжәшіт Ақшамы Газеті

Премьер-министр орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік ЖҰМАНҒАРИН:

ҚЫЗЫЛОРДА ӨҢІРІНІҢ ДАМУ ҚАРҚЫНЫ ӨТЕ ЖАҚСЫ

Премьер-министр орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен Экономиканың нақты секторын дамыту мәселелері жөніндегі штаб отырысы өтті. Жиынға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Су ресурстары және ирригация вице-министрі Нұрлан Алдамжаров, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ интеграцияланған шешімдер департаменті инвестициялық жобалар басқармасының басшысы Мағжан Серікбаев, «Тау-кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ басқарма төрағасының міндетін атқарушы Нариман Абсаметов, «АКК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Айдын Досқараев, «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры» АҚ басқарушы директоры Нұрбол Жаңабеков пен жауапты сала басшылары секторлық режим арқылы қатысты.

Күн тәртібінде үш Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаның жұмыс барысы, Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы, инвестициялық жобалары және ірі инвестициялық жобалардың проблемалық мәселелері қаралды. Басқосуда Серік Жұманғарин Мемлекет басшысының экономиканы әртарапандыру, өңірлер мен экономиканың нақты секторларын кешенді дамыту туралы тапсырмаларын орындау негізгі басымдық екенін айтып, Сыр еліндегі жұмыстарға оң бағасын берді.

– «Бүгін Экономикалық өсуді қамтамасыз ету жөніндегі жедел штабтың осы жылғы алғашқы отырысын өткіземіз. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес елдің инвестициялық

ахуалын жақсарту мақсатында өткен жылдың желтоқсан айында Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа іске қосылды. Бұған дейінгі көшпелі отырыстың қорытындысы бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдарға бірқатар тапсырма берілді, оның ішінде цифрлық платформаны ақпаратпен сапалы толтыру тапсырылды.

Өңдеу өнеркәсібі, тау-кен, металлургия және агроөнеркәсіптік кешенді қамтитын, осы жылы жүзеге асырылатын инвестициялық жобалар пулын қалыптастыру жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет. Бұл жұмысқа мемлекеттік органдардың, әкімдіктер мен қаржы институттарының белсенді қатысуы талап етіледі.

Жалпы әкімдіктер аймақтың ерекшеліктерін ескеріп, өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта бизнес кәсіпорындарының үлесін арттыруы, экономиканың нақты секторларындағы инвестициялық жобаларға басымдық беруі, қолдауды күшейтуі қажет. Өрбір өңірде аймақтық дамудың берік негізін құрайтын ірі жобалар болуға тиіс.

Атап өту қажет Қызылорда өңірінің даму қарқыны өте жақсы. Барлық секторда белсенділік танғытып келеді. Осы жұмыстарды одан әрі жалғастыру маңызды. Қаражатты мақсатты жұмсап, ауқымды жобаларды сәтті жүзеге асыратын аймақтарға біздің тарапымыздан әрқашан қолдау көрсетіледі», – деді С. Жұманғарин.

Штаб отырысында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақтың әлеуметтік-эконо-

микалық жағдайына тоқталып, алдағы жоспарлар туралы айтты.

– «Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауының арқасында Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуында оң тенденция сақталды. 2024 жылдың қорытындысымен экономикалық көрсеткіш 107,0 пайызды (2023 жылы – 107,3%) құрады.

Жоспар бойынша жалпы өңірлік өнімнің көлемі 3,2 трлн. теңге, өсім 6,3 пайыз болады деп күтілуде. Бюджеттің өз кірістерінің көлемі 44 пайызға ұлғайды, барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіштің өсімі қамтамасыз етілді. Өңдеу өнеркәсібі 19,6 пайызға, ауыл шаруашылығы 2,3 пайызға, тұрғын үй 16,9 пайызға, көлік 2,8 пайызға, сауда 6,6 пайызға, құрылыс жұмыстарының көлемі 53,8 пайызға артты.

Өткен жылы облысымызға барлық көздерден 639 млрд. 500 млн. теңге инвестиция тартылды. 2023 жылмен салыстырғанда өсім 21,7 пайыз, республикалық көрсеткіштен (РҚ – 107,5%) 3 есе артық орындалды. Жеке инвестициялардың үлесі 70,5 пайыз. Өңірге шетелдік инвесторларды, озық технологияларды тарту бойынша белсенді жұмыс жалғасуда», – деді Н.Нәлібаев. Сондай-ақ, жиында облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және инвестициялық жобалар туралы баяндады. «Шалқия мырыш ЛТД» АҚ бас директоры Асқар Тілеулин, «Арал Сода» ЖШС құрылтайшысы Дәурен Мұқашев өндірістегі мәселелерді ортаға салды.



Өткен аптада қазіргі қазақ әдебиетінің ірі өкілі, «Парасат майданы», «Тозақ оттары жымыңдайды» «Оң қол», «Ақиқат», «Өліара» сынды классикалық туындылардың авторы, жазушы Төлен Әбдік ағамызбен сырласудың сәті түсті. Қаламгердің бүгінгі қазақ әдебиеті мен жас қаламгерлерге қатысты айтқан ойларын екшеп, оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.

3-бетте

ТЕМІРҚАЗЫҒЫ - МҰСТАФА ШОҚАЙ

Ұлтжанды, мемлекетшіл қоғам қайраткері
Әбдіжәлел Қошқарұлы БӘКІР 85 жаста



Бұл күндері 85 мерейлі жасқа толып отырған Әбдіжәлел Қошқарұлы БӘКІР – танымал ұлтжанды әрі мемлекетшіл қоғам қайраткері, алаштанушы, шоқайтанушы көрнекті ғалым, философ, саяси ғылым докторы, профессор, мемлекеттік басқару, бұқаралық ақпарат, білім салаларында жауапты қызметтер атқарған іргелі азамат, ұлағатты ұстаз. 1995–2004 жылдары Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің екі мәрте депутаты. Мұның бәрі азамат өмірінің бел-белестері, тіпті өмір сынақтары десе де болады. Себебі кеңестік заманда билеуші коммунистік партияның саясатымен өмір сүрген, комсомол, партия органдарында жауапты қызметтер атқарып жүрген кезеңдерде іште ұлтты деп соққан жүректің адастырмас Темірқазығынан айнымау оңай болмағаны аян. Ал сол көрінбей жол сілтеуші Темірқазық – Мұстафа Шоқай еді.

Әбдіжәлел Бекір 1940 жылы 23 қаңтарда Қызылорда облысының Сырдария ауданының «Айдарлы» ауылында дүниеге келді. Әкесі Қошқар Оразұлымен анасы Патыма Рахменбердіқызы ұлдары Әбдіжәлелді балалы бола алмаған нағашы аға-жеңгесі Бекір Сопбекулы мен Нәзира Сопбеккелінінің бауырына салды, ұрпақты етті. Қазақтың кең көңілі, өнегелі ұлттық салты-ай! Екі жасар Әбдіжәлелдің қос әкесі де 1942 жылы шілде айында сұм соғысқа аттанып кете барды, екеуі де майданда опат болды. Отағасыларының шаңырағын шайқалпай асыл азаматтарын күткен екі ана басқа түскен қиыншылықтарды елмен бірге өңсіріп, олардың ұрпақтарын қатарларынан кем етпей өсірді. Өзін аналар Нәзира Сопбеккеліні 1978 жылы, Патыма Рахменбердіқызы 2009 жылы өніп-өскен ұрпақтарын көріп дүниеден өтті. Әбдіжәлел нағашы атасы Сопбектің Ахметінің қамқорлығында өсті. Ол Баспақ батыр-бидің немересі-тіні. Ал Мұстафа Шоқайдың анасы Бақтыбике осы Баспақ батырдың туған қарындасы болатын. Өйгілі Баспақ батыр, әрі би (шын аты Мембетәлі) Қозыбекұлы – XIX ғасырда өмір сүрген, елін Қоқан хандығының озбырлығынан қорғаған ел арасында айтулы тұлға.

5-бетте

КАРТОП ҚЫМБАТШЫЛЫҒЫ

Ойламаған жерден картоп бағасы көтеріліп кетті. Дүкенге барғанда оның бір келісінің бағасы 400 теңгеден асып кеткенін көріп, ала жаздай картоп егіп, өткізген дихан да, оны алдында ғана ең әрісі 200 теңгеден сатып алған сатып алушы да аң-таң.

Дихан айтады, ала жаздай жеткілікті етіп егіп, күзде арзанға өткізгенмін. Бағаны тұрақтандыратын қорлар «бізде бөлен тонна картоп бар, елдің бәріне жетеді» дейді. Сатып алушы «онда неге аяқ астынан картоп қымбаттады?» деп сұрақ қойып әлек. Сөйтсек, Сауда комитеті төрағасының орынбасары Е.Жәутіков те «биыл Ресейде картоп аз шықты. Өзбекстан да импортты айтырлықтай арттырды. Сол себепті қазақстандық фермерлер өз өнімін сыртқа көптеп сата бастады.

Біз картопты сыртқа көп саттық. Өткен жылмен салыстырғанда 1,5 есе-ге артық. Мәселен, 2023 жылы 400 мың тоннаны экспорттасқа, былтыр бұл көрсеткіш 600 мың тоннаға жетті. Қазіргі кезде республика бойынша картоптың орташа бағасы 322 теңге болып тұр. Ал Астанада одан қымбат. Мен өзім кеше ғана ірі сауда желісінде картоптың бір келісін 430 теңгеге сатып алдым», - деп аң-таң болып тұр.

Ресми орындардың ресми мәліметіне сәйкес, фермерлерде шамамен 600 мың тонна картоп бар. Ал тұрақтандыру қорларында 68 мың тонна жатыр. Бұның барлығы ішкі сұранысты толығымен өтей алады. Оған қоса, 16 қаңтарда қазақстандық картопты үшінші елдерде сатуға тыйым салынды. Бірақ ЕАЭО аясында сата беруге болады.

АҚПАНДАҒЫ АВТОГАЗДЫҢ БАҒАСЫ


Қазақстандағы автогаз бағасы



2025 жылдың 1 ақпанынан

■ - автогаз бағасы

■ - облыс орталығынан 200 шақырымнан астам шалғай елді мекендердегі автогаз бағасы



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі

Еліміздің барлық өңірлерінде 1 ақпаннан бастап автогаз бағасы қымбаттайды. Энергетика министрі бұйрығының жобасына сәйкес сұйытылған газдың шекті көтерме бағасы тоннасына 45 158 теңгеден 51 932 теңгеге дейін көтеріледі. Осыған байланысты бөлшек саудадағы шекті баға әр өңірде әрқалай 6 теңгеден 21 теңгеге дейін өседі. Қаласақ та, қаламасақ та...

БАС ЕСЕПШІ БАС ПАЙДАСЫНА 20 МЛН. ЖАРАТҚАН

Арал ауданындағы мектептердің бірінің бас есепшісі бюджет қаражатын өз мақсатына пайдаланып, 2023 жылдың қаңтары мен 2024 жылдың тамыз айы аралығында штаттық кестеге сәйкес жалақыдан бөлек өзінің есепшотына негізсіз артық қаржы аударып, 20 млн. теңгені бас пайдасына жаратқан.


Еңбек демалысы кезінде де өзінің есепшотына ақша аударған. Тергеп-тексеру барысында сотталушының жасаған қылмыстық әрекеті салдарынан мемлекетке жалпы сомасы 20 млн. теңгеден астам шығын келген.

Сот шешімімен бас есепші еліміздің Қылмыстық кодексінің 189-бабы 4-бөлігінің 2) тармағымен кінәлі деп танылды. Ол қаржылық материалды жауапты қызметпен айналысу құқығынан 10 жылға шеттетіліп, оған 7 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Ол жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтейді. Сондай-ақ, мемлекетке келтірілген шығынды үкім заңды күшіне енген соң 2 ай мерзімде өз еркімен мемлекет пайдасына өндіру жүктелді.

«ҚЫЗЫЛОРДА-АРАЛ» АҚЫЛЫ ЖОЛЫНЫҢ АҚЫСЫ

Ресми ақпарат: Қазақстан Республикасы Көлік Министрлігінің 2025 жылғы 9-қаңтардағы №6 Бұйрығына сәйкес, Қызылорда мен Арал қалаларын байланыстыратын автожол автобус пен жүк көліктері үшін ақылы болады. Дәлірек айтқанда, II техникалық санаттағы ұзындығы 454 шақырым жол учаскесі ақы алу жүйесіне 2025 жылғы 26 қаңтардан бастап іске қосылады.

2-бетте



ЕСТЕЛІГІ ДЕ ЕСКІРМЕЙДІ

Тектілікті сақтап тұратын бірден-бір темірқазық – иман. Себебі, бабасы қаншалықты текті болса да, олардың ұрпағы иманмен сусындамаса, әлгі қасиеті сұйылып, ақыр соңында жоқ болып кетуі әбден мүмкін. Иман бар адам ата-анасын ренжітпейді, отбасына жайлы болады, өліне еңбек етеді, өзгелерге пайдасын тигізеді. Ол күншілдік, қызғаншақтықтан аулақ болады. Өзгелерге жомарттық танытады. Көргені көп қазақтың “Жиғаным емес, иманым пайда берер”, “Иманнан басқа нәрсені Құдайдан көп сұрама” деуі сондықтан. Ел сыйлаған азамат Сексенәлі Раханов та осы қағидат бойынша өмір сүрді десек, артық айтқандық емес. “Жетім көрсең жебей жүр” деген ұстанымды үнемі орындап, иманжүзділігі, қайырымдылығы, мейірімділігі, қамқорлығы көп жан еді. Өзінің айлық жалақысынан үнемі жетім-жесірлерге қаржылай көмек беріп отыратын әдетінен ол жаңылмады. Бұл оның жаратылысы, осындай қамқөңіл, жарымжан, мейірімге зәру жетімдерді қолдауы, әкелік, ағалық, аталық қамқорлығы, көмегі еді.

Ол жаратылысы бөлек жан еді. Оның ерекше қасиеті – ешкімді бөліп-жармайтын. Қаншалықты қиын жағдай болса да жан-жағындағыларды бірлікте-теңдікте ұстай білді. Адам өмірден озса да қоғамға артында қалған байлығымен емес, елге жасаған еңбегімен есте қалатынын айқын көрсетті. Оның кішілігі де, қарапайымдылығы да, кісілігі де бар еді. Ол кез келген адаммен мейлі ол қойшы, құрылысшы, ғалым болсын ортақ тіл тауып, жақын тартып жанаспа сөйлесетін. Адам дүниеге келгеннен кейін ең алдымен Адам болуы керек. Сексенәлі Раханов та үлкен еріппен жазылатын Адам еді.

Кейінгі жастарға үлгі болған алтынның сынығындай асыл азамат білімге, білуге құштар болатын. Жаңаны меңгеру үшін сан түрлі оқулықтарды ақтарып, әсіресе, кәсіптік білім беру саласы бойынша талмай ізденіп, ерінбей еңбектеніп, түрлі сұрақтарына шарқ ұрып жауап іздейтін және жауап таппай тыным көрмейтін. Оқып-білгенін тезірек практика жүзінде пайдалануға асығатын. Еңбектеніп,

Еңбек етсең арта бермек мәртебен, Аймағыңда асатын жан жоқ сенен. Мақтымқұлы

сол еңбегінен ләззат ала білетін. Қандай ауыр, қиын жұмыс болса да шетке ығысып кетпей, бірінші болып кірісіп кететін. Жастарға көп оқу, көп білу, жан-жақты терең іздену жарасады дегенді көп айтатын. Ғылым жолында жүрген жастарға ерекше құрметпен қарайтын, оларға қолдан келгенше қолдау көрсететін. Заманның ағымын түсінетін, жаңалыққа, білімге, өнерге, поэзияға, жалпы өмірге құштар жан болатын. Осы қарапайым адами қасиетінің жемісі бүгінгі күндері нәтиже беріп тұр. Халқы игілігін көргей, жақсы жанның жақсы қасиеттері мен ел үшін еткен қызметі ұрпақтары арқылы жалғаса бергей.

Көзі тірісінде әдептен озбайтын, абайлап басып, анық сөйлейтін, ұтқыр ойлы, кісілік жолдан таймаған, республика көлеміндегі кәсіптік білім саласының білгір де, бірегей маманы, ақылғай ардагері, табиғат жанашыры, қоғам қайраткері, абыройлы азаматы Сексенәлі Раханов елдің ауызбіршілігін сақтау мен ұрпақ тәрбиесіне өлшеусіз еңбек сіңірген жан болатын. Бір үйдің емес, халқының қалаулысына айналған зиялы қауым өкіліне бұдан асқан бақыт та жоқ шығар!

Қажыр-қайратымен, өнегелі ісімен барлығына үлгі бола білген, бос уақытын шығармашылыққа арнаған, соңына сүбелі ойлар мен мәнді мақалалар, жанға жылы шумақтар жазып қалдырған, Сыр өңірін көркейтіп, жасыл желекпен безендіріп, көгалдандыруға зор үлес қосқан, асылдық пен ақылдылықтың, жігерлік пен шыдамдылықтың, ерен еңбектің үлгісіндей, алғырлығы мен көрегендігі біле білгенге үлкен өнеге мектебі, адамгершіліктің, азаматтықтың, патриоттықтың, имандылықтың символы, көркем бейнесі іспетті азамат, сексен сегіз қырлы, Алатаудай алып Сексенәлі ұрпақтары тарапынан қандай да құрметке лайық жан екені даусыз шындық!

Л.К.ЕРКЕБАЕВА, С.Ысқақов атындағы құрылыс және бизнес колледжінің өндірістік оқыту шебері

«ҚЫЗЫЛОРДА-АРАЛ» АҚЫЛЫ ЖОЛЫНЫҢ АҚЫСЫ

Республикалық маңызы бар «РФ шекарасы (Самара) - Шымкент» автожолының «Қызылорда-Арал» учаскесінде 6 бақылау арка және клиенттермен жұмыс істейтін орталық бар. Аркаларда орнатылған камералар ақылы учаскелерде автомобильдердің қозғалысын, олардың жылдамдығы мен қарқындылығын, жолдағы жағдайды және т. б. тіркейді. Сондай-ақ, учаскедегі жағдайды kaztoll.kz сайтындағы «Онлайн трансляция» бөлімінде көруге болады.

Автожолда төлем бекеттері болмайды, оның орнына ыңғайлы «ашық» төлем жүйесі қолданылады. Шлагбаумдар мен өткізу пункттері қойылмағандықтан кептелістер болмайды, бұл қосымша қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, сапар уақытын қысқартады.

Жол жүру төлемі қолма-қол ақшасыз жүргізіледі. Пайдаланушылардың қолайлығы үшін төлем жасаудың 10-ға жуық әдісі бар: интернет-банкінгтер, төлем терминалдары мен электрондық әмияндар, ұялы телефон балансынан, Е100 жанармай картасы арқылы, және заңды тұлғалармен келісім шарт жасау. Алдын-ала төлем елдеқайда арзан болғандықтан, төлемқақыны уақтылы жасауға кеңес береміз.

Бір бағыттағы (454 шақырым) төлем мөлшері:

- 16 орынға дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 2,5 т. дейін жүк автомобильдері үшін алдын-ала төлем - 2840 теңге, кейінгі төлем -

3330 теңге;
- 32 орынға дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 5,5 т. дейін жүк автомобильдері үшін алдын-ала төлем - 5750 теңге, кейінгі төлем - 6740 теңге;

- 32 орыннан асатын автобустар және жүк көтергіштігі 10 т. дейін автопоездар үшін алдын-ала төлем - 8570 теңге, кейінгі төлем - 10 100 теңге;

- жүк көтергіштігі 10 т. жоғары және 15 т. дейінгі жүк автомобильдері үшін алдын-ала төлем - 11 470 теңге, кейінгі төлем - 13 470 теңге;

- жүк көтергіштігі 15 т. жоғары жүк автомобильдері, оның ішінде тіркеліш және ершікті тартқыштар үшін алдын-ала төлем - 14 290 теңге, кейінгі төлем - 16 830 теңге.

Айта кету керек, жеңіл көлік иелері Қызылорда-Арал жолын тегін пайдаланады. Жергілікті тұрғындар үшін бір айлық және бір жылдық абонементтер қарастырылған.

Жиналған қаражат жолдың өзін-өзі қаржыландыруын қамтамасыз ете отырып, мемлекеттік бюджетке түсетін жүктемені азайтуға септігін тигізеді. Жол қызметтері учаскені тәулік бойы патрульдеуді жүзеге асырады және жол жабынының, жарықтандырудың, жол белгілерінің ақауларын жедел жөндейтін болады.

Сонымен қатар жол мен жол инфрақұрылымын қоқыстан және қардан тазартады, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жаңа жүйелерін белсенді түрде енгізеді.

Kazakhstan Today
Ақпараттық ағенншілігінен

МЕКТЕП ОҚУШЫСЫ СЫНЫПТАСЫН ҰРЫП, ДЕНСАУЛЫҒЫНА ОРТА ЗИЯН КЕЛТІРГЕН

Қызылорда облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 127-бабы 3-бөлігімен азаматша А.-ға қатысты іс қаралды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға сәйкес, азаматша А.-ның тәрбиесіндегі көмелетке толмаған баласы Н. бесінші сабақ біткен соң көмелетке толмаған М.-ны әжетхана ішінде оң жақ бет тұсынан бір мәрте оң қолының жұдырығымен ұрған. Көмелетке толмаған М.-ға сот медициналық сараптама тағайындалып, оған денсаулығына

орта зиян келтірілгені анықталған.

Азаматша А. әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен келісетінін, баласының әрекетіне өкінетінін білдіріп, жеңіл жаза қолдануды сұрады.

Сот қаулысына сай азаматша А. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 127-бабының 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 55048 теңге көлемінде айыппұл салынды.

Қызылорда облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ БАҚЫЛАУ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асырады. Осы бағытта 2024 жылы Департаментке барлығы 279 жолданым түсіп, мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасымен 138 жолданым қаралған, оның ішінде 48-і өз құзыреті шегінде қаралса, 84-і басқа органдарға өз құзыреті шегінде қарау үшін жолданды, 6-уы өтініш іесінің өтініші бойынша қараусыз қалдырылды.

Қаралған 48 жолданымның 22бөлігінша қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес түсіндірме берілді, 26 жолданым бойынша жоспардан тыс тексеру жүргізілді.

Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасымен барлығы 48 тексеру жүргізілді, оның ішінде 11 жоспарлы және 37 жоспардан тыс тексеру. Нәтижесінде, барлығы 439 бұзушылық анықталып, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама бұзушылықтарын жою туралы мемлекеттік органдарға 11 нұсқама және 19 ұсыну енгізіліп, олардың барлығы толық орындалды.

Мысалы Департаменттің қарауына түскен Қызылорда қаласы тұрғынының шағым негізінде Қызылорда қаласының әкімдігіне қарасты дербес бөлімнің басшысының әрекетіне қатысты жоспардан тыс тексеру жүргізілді. Өз кезегінде, шағым иесі дербес бөлімнің басшысы өзінің тұрғын үйінің алдына келіп, полиция қызметкерінің бейнежетонын өзінің омырауына тағып, жазба жүргізгені үшін заң аясында шара көруді сұраған.

Аталған уәждерді нақтылау мақсатында бөлім басшысынан түсініктеме алынып, онда ол қала тұрғынының шағымында көрсетілген уәждермен келісетінін көрсеткен. Осыған байланысты шағымда көрсетілген уәждер бойынша Қызылорда облысының полиция департаментінен ақпарат сұратылды.

Сәйкесінше Қызылорда қаласының полиция басқармасының жауабында жергілікті полиция қызметі бөлімінің учаскелік полиция инспекторына қатысты қызметтік тергеу жұмыстары жүргізіліп, оның

тарапынан бейнежазба жасайтын өзіне бекітілген бейнежетонды әкімшілік қызметкерге бергені анықталып, оған қатаң сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолданылғаны хабарланды.

Кодекстің 6-тармағының 4) тармақшасында **мемлекеттік қызметшілерге азаматтармен қарым-қатынаста** әдептілік таныту, дөрекілік, қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейбәт мінез-құлық фактілеріне жол бермеу, **өздерінің әрекеттерімен және мінез-құлқымен олардың тарапынан сығға себепкер болмауы тиіс** делінген талаптар қойылған.

Дегенмен дербес бөлімінің басшысы полиция қызметкерінің бейнежетонын өзінің омырауына тағып, жазба жүргізу әрекетімен қала тұрғынының тарапынан сығға себепкер болған. Яғни, тексеру барысында жинақталған құжаттармен және дәлелдермен бөлім басшысының мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі талаптарының бұзылуына жол бергендігі анықталды.

Аталған факті бойынша бөлім басшысына қатысты тәртіптік іс қозғалып, Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің шешімі негізінде Қызылорда қаласы әкімінің өкімімен оған қатаң сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолданылды. Осылайша, Әдеп жөніндегі кеңестің шешімі негізінде қала тұрғынының бұзылған құқықтары қалпына келтірілді. Сонымен қатар Департаментпен мемлекеттік органдардың тәртіптік тәжірибесіне тоқсан сайын талдау жұмыстары жүргізіліп келеді. Талдаудың нәтижесімен 7 мемлекеттік қызметшіге қатысты заңсыз қабылданған тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтардың күші жойылып, олардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Бұдан бөлек, жұмыс уақыты режимінің бұзылуының алдын алуға және оған жол бермеу мақсатында мониторинг жүргізіліп, нәтижесімен 52 мемлекеттік қызметшінің бұзылған құқықтары қалпына келтіріліп, оларға қосымша демалыс күндері немесе сағаттары берілді.

Департамент алдағы уақытта да өз міндеттеріне сәйкес мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамалардың сақталуын бақылаумен қатар азаматтардың, соның ішінде мемлекеттік қызметшілердің де құқықтарының бұзылмауын қалағалайтын болады.

ЖЕДЕЛ КЕРІ БАЙЛАНЫС АРҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТ ҰСЫНУ

Азаматтардың өтініштеріне жедел кері байланыс орнату мақсатында Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мен сервистік және қызмет алушыға бағдарланған мемлекеттік аппаратты қалыптастыру негізінде EgovKzBot2.0 телеграм боты іске қосылған. Аталған боттың басты мақсаты – мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қатысты мәселелер бойынша халықпен жедел кері байланыс орнату және туындаған сұрақтарға толыққанды ақпарат ұсыну.

Агенттіктің аумақтық департаменттері көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне және шешімдеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды. Осы тұста, қызмет алушылар бірқатар қызметтер бойынша онлайн анықтамалар алу үшін ұялы телефонға Telegram мессенджерін жүктеп, EgovKzBot2.0 телеграм боты арқылы Уәкілетті органға өтініш батырмасын басып, мемлекеттік қызмет көрсету сапасына немесе бюрократиядан арылу мәселелері бойынша ұсыныстарын жолдай алады. Сондай-ақ, уәкілетті органға қандайда бір шағым болса қызмет алушыға қатысты толық ақпаратты көрсете отырып, шағымды толыққанды баяндай алады.

Бүгінгі таңда Агенттіктің Қызылорда облысы бойынша департаменті жыл басынан бері аталған телеграм бот арқылы келіп түскен 18 азаматтың жолданымына тиісті түсіндірмелер берді.

Осыған байланысты қызмет алушылардың құқықтары бұзылған немесе мемлекеттік қызмет көрсету сапасында сұрақтар туындаған жағдайда Агенттіктің Қызылорда облысы бойынша департаментіне немесе EgovKzBot2.0 телеграм бот – платформасына жүгіне алатындығыңызды есіңізге саламыз.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс 1. Байланыс нөмерлері: 8(7242) 70-56-36, 70-00-40.

Е.Ж.МЕНДАЛИЕВ
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru)	ТАРАЛЫМЫ: 4000	Газет бетіндегі жарияланымдардың
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы	Газет Қазақстан Республикасы	Газет редакцияның компьютерлік	позициясы мен фактілері үшін
Бас редактор	Абай даңғылы, 59/1	Байланыс және Ақпарат Агенттігінде	орталығында теріліп, беттелді. Газет	редакция жауап бермейді.
Сәрсенкүл Бәйдешқызы	Телефон: 23-16-08	тіркеліп	Қызылорда қаласындағы	Қолжазбалар өңделеді және
БИҚОЖАЕВА	23-16-11	№14611-Г «7» қараша	«PRINT» баспаханасында	авторларға қайтарылмайды.
Бас редактордың орынбасары		2014 жылы күәлігі берілген.	басылды.	Газет материалдарын көшіріп басу
Айдана ӘЛИАРЫСТАН		Алғашқы есепке қою кезіндегі	Мекен-жайы: Қызылорда қаласы,	үшін міндетті түрде редакцияның
		нөмірі мен мерзімі	А.Байтұрсынов көшесі, №49	рұқсаты керек.
		№1026-Г - 11.01.2000 ж	Таралу аумағы:	Сурет сапасына редакция жауап
		Газет аптасына бір рет жарық көреді	Қазақстан Республикасы	бермейді
			Тапсырыс	

Жазушы Төлен ӘБДІК:

КӨШПЕЛІ ЕЛДІҢ ДАМУЫ ТАСБАҚАНЫҢ АЯҢЫНА ҰҚСАЙДЫ

– Төлен аға, өңгімемізді әдебиеттің бүгінгі жайынан бастасақ. Аға буын қаламгерлердің әдебиеттің болашағына күмәнмен қарайтын түрлі пікірін естіп қаламыз. Сіздің ойыңызша, қазақ әдебиетінің болашағы бар ма?

– Қазақ әдебиетінің болашағына күмән келтірмеймін. Бізде талантты ақындар да, талантты жазушылар да жоқ емес. Бірақ сол таланттар мен талантсыздар мидай араласып, жақсылары жамандардан оқ бойы озып, қара үзіп кете алмай жүр. Мәселен, Құдай талант берген, өлеңнің техникасын жақсы меңгерген, ұйқастары шымыр ақындар аз емес. Олардың деніне ортақ бір кемшілік бар. «Жаңа ғасырда әлем қайда бет алды, адамзаттың қандай құндылықтары алға озып барады, шетел ақындары қандай жыр жазып жатыр?» деген сөзді құрақтарға бас қатырмайды. Бір сөзбен айтсақ, көбінің тарих пен бүгінгі заман, қала берді көркем әдебиеттің басты қағидалары тәжіригіндегі көзқарастары тобырлық деңгейде. Баяғы ескі дағдылардан, кеңестік дәуірде бойға сіңген көне түсініктерден арыла алмай жүрген секілді.

Содан кейін ақындардың қорланғыш, жәбірленгіш, әкпелегіш өлеңдері азаймай тұр. Кеңес заманында ұлттық дәрежеде еркіндігіміз болмады. Устем ұлт өкілдері қазақты кем санады. Демек ол дәуірдегі ақындардың қорлануы, қожайынға әкпелеуі табиғи құбылыс секілді болатын. Қазір қазақ – мемлекет құрушы ұлт. Еуропалық түсінікте ұлт пен мемлекет бір ұғымды білдіреді. Сондықтан жәбірленуші этностан мемлекет құрушы ұлттың психологиясына ауысатын кез болды деп ойлаймын. Өмірдегі келеңсіздіктер аз емес – моральдық, әлеуметтік проблемалар туралы толған, жағымпаздарды, алаяқтарды, дарынсыз басшыларды сына, халықтың өзінің бойындағы кемшіліктерді де бетіне бас, мұның бәрі, жылап шағым айтқаннан гөрі, ақынның өзіне де, әдебиетке де тиімдірек деп ойлаймын.

– Сіз айтқан жылауық поэзияға көреғар баяғы түркілерден қалған рухты аңсайтын, әсіре мақтан «пафосқа» құрылған туындылар да аз емес қой.

– Мұны да түсіне алмай-ақ қойдым. Кит етсе, «ғұнмын, көк берімін, қасқыр болып ұлып жүрмін» дейтін мағынадағы өлеңдерден аяқ алып жүре алмайтын болды. Бүгінгі ағылшын ақыны «менің арғы атам англосакс» деп немесе орыс ақыны «менің арғы тегім славян» деп айғайлап өлең оқыса, «онымен не айтпасың?» дегендей, жұрт түсінбей олардың бетіне одырайып қарар еді. Өйткені арғы тегі кім болса да, ол сенің кісілігіңе, мәртебеңе, күнkerісіңе ештеңе қоса алмайды. Сенің кім екенің бүгінгі күніңмен өлшенеді.

Рас, тәуелсіздік алған жылдары ұранды жырлармен ғасырлар бойы бодандықтың тауқыметін тартқан ұлттың рухын бір сілкіп алу керек те болған шығар. Ал ақындардың осы тақырыптың айналасынан өлі айналоқсап шықпай қойып нем айтқан дүниетанымының тарлығын тағы дәлелдейді. Ақын да, жазушы да ең алдымен адамның ішкі әлеміне үңілу керек. Абай секілді адамзаттық деңгейде ой айтуға, философиялық тұрғыда рухани кемелденуге, өлемге гуманистік көзқараспен қарауға ұмтылмаған қаламгер өртүрлі саяси-дінни идеологиялардың насихатшысына айналып кетуі әбден мүмкін. Әдебиетке жалған ұран да, жалған мақтан да қажет емес.

– Мақтан жөніндегі ойыңызды өрі жалғап көрсек. Қазіргі қазақтың күні мақтансыз атпайтын болды. Өзінен лауазымы жоғары азаматтарға жағымпаздандуды «қызметтік этика» ретінде қарайтын көзқарас аз емес. Бұл дерттің шалығы әдеби кауымды да айналып өтпеді. Бір-бірін классик дәрежесіне көтеріп, жер-көкке сыйғызбай дәріптейтіндерге қатысты не айтасыз?

– Өркениетті елдерде мақтану да, мақтау да мәдениетсіздік болып саналады. Ол жақта дәуірді көзін бақырайтып қойып, дөл біздегі мақтан көрініші, не болар екен? Ол ұялғаннан жерге кіріп кете жаздайтыны анық. Тіпті

«қысқартыңыз» деп сөзіңізді тыйып тастауы мүмкін. Бізде бәрі керісінше, арқасынан қаққан сайын шөлі қанбай, тағы мақтай түссе екен деп емініп отырады.

Сафуан Шәймерденовтен естіген бір өңгімеңді айтайын. Біздегі белгілі бір орыс ақыны 70-ке толып, соның дастарқанында отырған көрінеді. Атын атамай-ақ қояйын, мақтау сөздің шебері атанған әдебиетші ағамыз өзінің әдетіне басып, мерейтой иесін мақтап ала жөнелген. Қызды-қыздымен «Сіз орыс поэзиясының ұлы ақынысыз» деген сөзді айтқан кезде анау шошып кеткен. «Мынауыңыз не» дегендей, қолын жайып, басын шайқап ренішін білдірген. Бірақ ағамыз тоқтай алмай, мақтау сөзін жалғастыра берсе керек. Ақыры мерейтой иесі ашуланып, аяғы жанжалға, төбелеске айнала жаздап әрең басылыпты.

– Бөрібек Соқпақбаевтың «Ергежейлі өліне саяхат» атты хикаятында басты кейіпкер ергежейлілер елінің президентін жер көкке сыйғызбай ұлықтаушы еді ғой. Сонда Елдесер деген ергежейлі «біздің елде кісіні көзінше мақтау қорлаумен тең іс» дейтінді бар. Мына оқиғаңыз сол эпизодқа үндес екен.

– Иә, мәдениет, этика деген қарапайым түсініктерді бойға сіңірмей мә-

мұсылмандарды өзге діндегілер жақтырмайды. Осы жерден әрі діндегі гуманизм жайлы айту қиындап кететіндіктен, тереңдемей-ақ қояйық.

– Төлен аға, қаламгерлер жылауық, көудемсоқ патриот, мақтан құмар, өсіреултшыл болмауы керек деп отырсыз. Ата-текті айтып, шектеушілікке бару індеті туралы не ойлайсыз?

– Жазушы қолына қалам алғанда жалпыадамзаттық құндылықтарға жүгінуі керек деп санаймын. Өйткені адамзаттық құндылықтар ұлттық мүддеге қайшы келмейді. Әділдік, шындық, адамгершілік, адамның кісілік жақсылығы мен еркіндігі секілді гуманистік құндылықтар барлық халыққа ортақ. Сондықтан да адамзаттық деп аталады. Мінеки, осындай бағытты ұстанған талантты қаламгер ғана өлемге халқын да, өзін де таныта алады. Тек жазушылық жолда ғана емес, барлық салада «атаның баласы болма, адамның баласы бол» дейтін қағиданы берік ұстауды үйренгеніміз жөн. Абай рулық, ұлттық деңгейден шығып, адамзаттық ой айта білгеннен қазақтың Абайына айналады. Жас қаламгерлер де Абай секілді қазақтың ойын адамзаттық құндылығына қосуды мақсат етпей, биіктерді бағындыра алмайды.

Қашан екені есімде жоқ, әлдебір

ТОҚАЕВТЫҢ Т.ӘБДІККЕ ЖЕДЕЛХАТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның халық жазушысы, драматург, қоғам қайраткері Төлен Әбдікке "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған сұхбатына орай жеделхат жолдаған.

Қ.ТОҚАЕВ:
– *"Егемен Қазақстан" газетіне берген сұхбатыңызды мұқият оқып шықтым. Өзекті ой-толғамдарыңыз арқылы ұлт руханияты үшін құнды дүниелер айтылған. Төл әдебиетіміздің даму көкжиегіне қатысты сын пікірлеріңіз бен жас буынға қарата айтқан ақыл-кеңестеріңіз орынды деп санаймын. Шын мәнінде, жаһанды жайлаған қазіргідей құбылмалы заманда жазушылар қауымы көркем туындылары арқылы әділдік, жақсылық және адамдық құндылықтарын кеңінен дәріптегені жөн. Бұл еліміздің келешегі үшін өте маңызды. Қаламыңыз қарымды болсын! Сізге мықты денсаулық, бақ-береке және талайым табыс тілеймін!*

дениетті ұлтқа айналмаймын. Ел болғаннан кейін ішінара бойына парасат сіңген, мәдениетті тұлғалар болады. Бірақ ұлттық мәдениетті басты қалыптастырушы бұқара екенін ұмытпауымыз қажет. Яғни мәдениет деген жалпы халыққа тән құндылық. «Біздің мәдени танымымыз өзгелерден биік, рухымыз да күшті, жажүрек батырмыз» деп есіріп кетуге де болмайды.

Жапон халқы Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін ұлтшылдықты жалау етіп, есірді. Гитлерге ерген неміс халқы да сөйтті. Мұның ақыры адамзаттың басына қандай қасірет төндіргенін бәріміз білеміз. Кейін жапон да, неміс те жеңілгенін мойындап, өркөкірек мінезден арылып, барлық күшін ғылым жолын игеруге бағыттады. Содан жаман болған жапонды, немісті көрдіңіз бе?

Мәдениеттіліктің бірінші белгісі – адамды сыйлау, ұлттың, дініне, тіліне қарамай жеке тұлға ретінде құрметтей білу. Екінші белгі – ұлттың құрметтегені секілді басқа этностарды да, оның құндылығын да сыйлау.

«Қазақтың аттан ұлтшылдығы» жақсы көріп, елдегі басқа халық сондай қылық жасаса төзбейтін мінездерді түсіне алмаймын. Сонда біреулер үшін біздің ұлтшыл жақсы да, өзгенікі жаман болғаны ма?

Халықтың әр адамға, әр ұлтқа тең қарайтын гуманистік көзқарасы қалыптаспай, жеке-дара тәуелсіз ел болып тұруы да қиынға соғады. Сондықтан әдебиетке келуші жастардың гуманист болғанын қалар едім. Гуманизмнің шекпеніне әділдіктен таймау, ешікке қиянат қылмау, адамдарға жақсылық жасау, тіршілік атаулыға мейіріммен қарау секілді барлық игі қасиет сыйып кетеді. Мұндай гуманизм дінде де бар ғой дерсің. Діндегі гуманизмге ешек келтірмеймін. Бірақ сенімі ортақ еместі мұсылмандар «көпір» санайды, ал

жас ғалым мені өзінің, әлде кітабының тұсаукесері, әлде өзінің шығармашылық кеші, әйтеуір осындай бір жынына шақырған болатын. Негізгі тақырыбым қазақтың қанының тазалығына, жеті атадан қыз алыспайтынына қатысты деген сөзді айтып қалды. Жеті атадан бері қыз алыспау деген барлық жағынан дұрыс нәрсе екені белгілі, бірақ қаның тазалығы деген тұжырымды дұрыс деп айту қиын. Өйткені оның ар жағында нәсілшілдік, расизм жатыр. Қаның тазалығын алғаш рет күн төртібіне қойған Гитлер болатын. Бұл идеяның үлкен қантөгіске, адамдарды концлагерьлерде азаптау, тірідей өткізуге әретеу секілді зұлмындыққа әкелгені белгілі. Сондықтан фашизмнің идеясын бүгінгі таңда ұлттық идея қылып ұсыну көзқарас тұрғысынан үлкен кемшілік. Кейін осы оқиғаға байланысты өз пікірімізді әр жерде айтып жүрміз. Баяғы ортағасырлық түсініктерді қазіргі заманға телудің қажеті жоқ. Халық, ұлт болғаннан кейін ұлт пен ұлыстар арасындағы қан алмасу қалыпты дүние болып саналу керек. Қазіргідей жаһандану заманында оны тыйып тастау мүмкін емес.

Бүгінгі былай қойып, қазақ баяғы замандарда ұлын Ұрымға, қызын Қырымға жіберіп, өзге халыққа қыз беріп, өзге ұлттан келін де алған. Сондықтан да, жалаң ата-тек қуу, қанның тазалығы дегеннің бәрі – бос сөз. Қазаққа қызмет еткеннің бәрі – қазақ. Біреуді руына бола жақын тарту, туыс көру деген баяғы қасаң қағидалармен өмір сүруге болмайды.

– Жас қаламгерлер кімді төлімгер тұтса болады? Мысалы, сіз жас кезіңізде қазақ жазушыларынан кімді ұстаз санаушы едіңіз?

– Біздің алдымызда мықты аға буын жазушылар болды. Бірақ оларға қарап бөл түзедім дей алмаймын. Маған әсер еткен ұстазым – әлем әдебиеті.

Әлем жазушыларының туындылары болмаса, соцреализмнің шырмауына түсіп, өзгеден айырмалы болмай қалуы әбден мүмкін еді. Кеңестік дәуірдегі соцреализм, кеңестік шындық дегендердің бәрінің жалған екенін шетелдік қаламгерлерді оқи бастағанда білдік. Әлем классиктері шын әдебиеттің қалай жазылатынын көрсетті. Қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаған аға буын жазушылардың көпшілігінің шығармаларын қазіргі жастар оқымайды. Оларды талантсыз деп айта алмайсың, бірақ сондай заманға тап болды.

Қазіргі заман да, жастар да басқа. Бағыдай цензура жоқ. Сондықтан да оларда қоғам шындығын бүкпесіз жазуға мүмкіндік жетеді. Алайда тарихты бұрмалап, рулық санамен сан құбылтып, көркем әдебиетті публицистикаға айналдырып, бос сөзді оңды, солды бұрқыратудың қажеті шамалы деп ойлаймын. Жастарға біреуді ұстаз тұт деп те айтпаймын. Ұстаздары кітап болсын! Көп оқысын!

– Кеңестік кезеңде тарихи оқиғаларды әдебиетке әкелу ісі қарқын алды. Халық өткенін әдеби шығармаларды оқып танытын үрдіс қалыптасты. Қазір де тарих туралы шығарма жазу қарқын алып тұр. Бұған не деісіз?

– Жазушылар жазған туындылары шынайы тарих деп қабылдауға болмайды. Қазақ жазушыларының тарихи шығармасын оқып отырсаңыз, бізге жететін жажүрек, данышпан ұлт болмаған сияқты. Өлгі кітаптармен танысып, «көзсіз батыр, шексіз ақылды бабаларымыз үш ғасырға жуық уақыт қалай отар ел болған» деп таңғаласың! Ең бастысы, тарихты өз қалауыңа аңызға айналдырып, ондағы тирандарды көкке көтеру дәстүрі белең алып барады. Бұл жақсы нәрсе емес. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін өлемдік жағдайлар фашизмнің пайда болуын ұзақ зерттеді. Фашизмнің басты белгілерін анықтады. Сондағы белгілердің бірі – осы тарихты ерлік аңызына айналдыру, империя идеясын насихаттау, тирандарды ұлықтау. Өрине, мұның бәрін тарқатып айтар болсақ, талай автордың шамына тиерміз.

Тарихты жазуға ешкім де тыйым сала алмайды. Бірақ бір елдің халқын қырып, қалаларын талқандап жатқан басқыншылық әрекеттерді көзімізбен көріп отырған бүгінгі заманда өткен тарихтағы бұдан да қанды басқыншылықты көкке көтеріп, мақтан тұтуды жақсы нәрсе деп айта алмаймыз. Адамзаттық өркениетті өмірге, гуманистік идеялардың кең таралуына зәру болып отырғанын ұмытпауымыз керек.

Кейбір авторларымыз тарихи очерк деңгейіндегі жазбаларын роман деп ат қойып, оқырманға ұсынып жатады. Әдеби көркем шығарманың өзегі – адамның тағдыры. Көркем туындыда сол тағдырды өз басыңнан өткізіп жатқандай құй келпесең, кейіпкерлер ішінде тіріліп, өмір сүрмесе, оқиғалар барысында туындайтын жайттарға қайғырып, жақсылыққа ортақтасып қуана алмасаң, жүрек соғысын сезінбесең, оны әдеби туынды деп айтуға болмайды.

Әдеби шығарманы оқып отырып, диалогтерден кейіпкердің сөйлеу мәнерін сезіп, іс-әрекетінен кескін-келбетін көз алдына елестете алуың керек. Оқиғаның сюжеттік жағынан басталуы, дамуы, шиеленісуі, шешімі болмаса, кейіпкерлердің жақсылығы мен жамандығы өмірдегідей шынайы тең суреттелмесе, ол шығарма ғұмырының ұзақ болуы екіталай.

Әдебиеттің осындай қарапайым шарттарын білмей, тарихтағы белгілі оқиғаларды тізіп шығып, «әдеби туынды жаздым» деу ең алдымен өзіңді алдау. Шығарма мен очерктің, көркем туынды мен публицистиканың арасын ажырата алмайтындардың басқаларға тарихты үйреткелі жүргеніне кейде күлкің де келеді. Болған оқиға – деректі шындық, ал автордың ой-қиялынан туған оқиға – болуға тиісті көркем шындық. Көркем шығарма, негізінен, осы көркем шындыққа құрылады. Бұл пікірді бізге дейінгі талай үлкен жазушылар баяғыда айтып кеткен.

– Көп туындыларда автордың позициясы айғайлап көрініп тұрады. Бұл кемшілік емес пе?

– Көркем туындыға қойылатын талаптардың біразын айттым ғой. Соның бірі автор мәтіннің астарына өз позициясын жасыра білуі дер едім. Чеховтің ұлылығы сол, ешқашан өзінің позициясын ашық білдірмейді. Оқырман оқиғаның желісінен, өрбуінен, аяқталуынан жазушының не айтқысы келгенін өзі табады. Шығарманы оқығанда қиянатшыл кейіпкерді жек көріп жігерленсең, жәбірленгенді жақсы көріп, жақтасып отырсаң, соңында ойлануыңа да кеңістік қалса, одан артық көркемдіктің қажеті бола қоймас еді.

– Қазақ әдебиетіндегі көпсөзділік туралы айттыңыз. Кей авторлардың көне сөздерді көп біліп, шығармасында соны еркін пайдалануы оның артықшылығы ма, әлде кемшілігі ме?

– Заманауи әдебиет көпсөзділікті құптамайды. Бірақ бұл «тілге мән берудің қажеті жоқ» деген ойды туғызбайды. Не айтсаң да, не жазсаң да, дәлме-дәл суреттеу шеберліктің шыңы саналады.

– Кей кітаптардан сіресең архаизмдерді көргенде баяғы көшпелілер дәуіріне кіріп кеткендей боламын.

– Кейбір ағайын әдебиетті көне сөздердің жиынтығы деп ұқтауы үшін де архаизмдерді жөңсіз қолдана берудің дұрыс емес екенін жастардың құлағына құя бергеніміз жөн. Қазіргі қазақтың жасы да, жасамысы да көшпелілер заманын аңсап, оның мәдениеті туралы проза, өлең, көлдей-көлдей мақала жазып, мақтанаттыңды шығарыпты. Әлем санасын көшпелілер мәдениеті өзгертіп жібергендей даурығып, кеуде соғып жатқандар шындыққа тура бір қараса ғой, шіркін.

Көшпелілік деген не? Жер бетіндегі барлық адамазат баласы әу басында көшпелі болды. Табиғатпен күресіп, үй салып, егін еккен халықтар отырықшыға айналды. Олар жыртқыш жануарлардан қорғану, ауыр жұмысты жеңілдету үшін тұрлі құрал-жабдық ойлап тапты. Яғни ғылыми тұрғыда дамудың жолына түсті. Ал табиғаттың қас-қабағымен күн көретін көшпелі елде ғылым да, технология да дами алмайды. Көшпелі елдің дамуы тасбақаның аяңына ұқсайды.

Көшпелілікті отырықшылықтан жоғары қоятын пікірлерді де естіген кездеріміз болды. Рас, көшпелі өмір салты қалыптастырған психология санамызда бар, бірақ біз қазір көшпелі ел емеспіз. Отырықшы өміріміз. Өмірге қажетті барлық нәрселер: қалтаңдағы сағат, телефон, үйіндегі теледидар, жарық жылу беретін орындар, астындағы машина, бүкіл транспорт, пойыз, ұшақ, зауыттар мен фабрикалар, оқу орындары, ғылыми зертханалар, обсерваториялар, т.б. – осының бәрі ғылымның табысы. Бұған тек отырықшылықтың арқасында қол жеткізіп отырмыз.

Көшпелі кезең – бар болғаны адам баласының тарихындағы өтпелі кезең. Сондықтан да ғасырлар бойы көшпелі ғұмыр кешкенімізге мақтануға еш себеп жоқ. Тіпті «көшпелі едік» деп алашапқы болу – ұят тірлік. Иә, көшпелі күн кешіп жүргенде отбасылық құндылықтарға қатысты ұлы мәдениеттер жаратқан шығармыз. Бірақ, бұл – көшпелі өмір салтының артықшылығы емес, қиын жағдайда жүрсе де, мәдениет пен өнер жасай алатын халықтың қабілетінен туған нәрсе. Құлдық жүйе кезінде де халық өзіне тән мәдениетін жасай білген.

Өткеннен қалған рухани қазынаны көздеме жарат. Бірақ ата-бабаң жасаған зұлымдықты мақтан тұтудың қажеті қанша?

Енді жас қаламгерлерге оралайық. Олар өлемдік деңгейдегі жазушыларды меже тұтпай, олармен іштей бәсекеге түспей, күреспей, тайталаспай, үлкен биікке көтерілу мүмкін емес екенін білгендері дұрыс. Кейінгі буын қаламгерлері әртүрлі қате көзқарастардың жетегінде кетіп, таланттарын өлтіріп алмаса екен деймін.

– Уақыт қиып, сұхбат бергеніңізге рахмет.

Өңгімелескен Қанат БІРЛІҚҰЛЫ, «Egemen Qazaqstan»

КБИ-да «ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» АШЫЛДЫ

Қызылорда қаласында 600 орындық мектеп ашылды. Білім ошағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен салынған. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, қоғамдық кеңес төрағасы Әріп Хожбанов, зиялы қауым өкілдері мен жауапты сала басшылары және қала тұрғындары қатысты. Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты еселде сәулетті мектептің ашылуымен құттықтап, ізгі тілегін жеткізді.

– Президентіміз «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Өрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды» деген болатын.

Жана мектептердің ашылуы – бұл жай ғана ғимараттардың салынуы емес, жаңа дәуірде білім алатын оқушыларға жана мүмкіндіктер

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асқан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірде 12300 орынға арналған 21 мектеп салу жоспарланып, оның алғашқы 900 оқушыға арналған мектебін өткен жылдың қазан айында сол жағалаудан табыстадық. Осы айдың басында Жаңақорған ауданының Жаңарық ауылында және Арал қаласында 300 орындық 2 жайлы мектеп ашылды. Бұл арқылы Жаңарық ауылындағы бейімделген ғимаратта орналасқан, Арал қаласындағы үш ауысымды оқуға көшуі мүмкін мектептердегі орын тапшылығы мәселесі шешімін тапты.

Бүгінгі міне, «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының үйлестіруімен жүзеге асқан, құны 4 млрд. 732 млн. теңге болатын 600 орындық «Жайлы мектепті» шәкірттер мен ұстаздарыңілігіне береміз. Жана нысанды салу арқылыбейімделген ғимаратта орналасқан Әбу Құдабаев атындағы №197 орта мектептің мәселесін шештік. Құрылыс басталғалы

бері балаларымызға қала ішіндегі басқа мектепте оқуына тура келді. Ұрпақ игілігіне бағытталған ортақ істе түсіністік танытқан барша ата-аналарға алғысымызды білдіреміз. Жасамалз істердің жаршысы болатын жеткіншектерімізденді қолайлы әрі қауіпсіз, заманауи жабдықталған, кең де жайлы мектепте білім алатын болады. Бүгін табысталған жаңа білім ғимаратынан алдыңғы буынның ізгі жолын жалғаған білімді, талантты шәкірттер шығатынына сеніміміз мол. Санасы сергек, ойы үшқыр, бөсекеге қабілетті оқушыларымыз көп болғай», – деді аймақ басшысы.

Салтанатты іс- шарада білім саласының ардагері, КР Білім беру ісінің үздігі, Қызылорда қаласының Құрметті азаматы Алтынсары Шүренов жылыған жұртшылықты құттықтады. Еңбек ардагері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Қорғанбек Қайроллаұлы батасын

берді. Сондай-ақ, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар мен құрылыс мекемесінің мамандары марапатталды.

Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында облыс орталығынан «Шығармашылық академиясы», дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернаты, «Саутс Ой» компаниясының демеушілігімен музыкалық колледждің жаңа ғимараты бой көтеруде. Жыл ішінде Шнелі ауданында да «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектебі» жұмысын бастайды.

Был «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» есебінен Арал ауданының Жаланащ ауылынан 150 орындық мектеп салынады. Былтыр 8 мектеп ғимаратына күрделі жөнделу жүргізілді. Мемлекет басшысының 1300 мектепті күрделі жөндеу тапсырмасына сәйкес 3 жыл ішінде облыстағы 51 мектеп, биыл соның 9-ы күрделі жөнделуден өтеді.

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫМЕН ТЕККЕ КЕЗДЕСПЕДІ...



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «ҚазАтомЭнергосіп» ҰАҚ АҚ басқарма төрағасы Мейіржан Юсуповпен кездесті.

– «Аймақта 4 еншілес ірі кәсіпорын – «Байкен-У», «Хорасан-У», «Семізбай-У», «РУ-6» серіктестіктері уран өндірумен айналысады. Бұған дейін де өзіңізбен бірнеше рет кездесіп, бірқатар мәселені талқылаған болатынбыз.

Атап айтқанда аймақтағы уран өндіруші компаниялардың әлеуметтік жауапкершілігі мәселесін көтерген едік. Бірлесіп атқарылған жұмыс нәтижесінде оң шешім тапты. «ҚазАтомЭнергосіп» акционерлік қоғамы Қызылорда облысында бірқатар ауқымды жұмыс атқаруда.

Уран өндіруші компаниялар өткен жылы 751,3 млн. теңге салық төлеген. Бұл бағыттағы жұмыс әрі қарай жалғасын табады деп ойлаймын», – деді Н.Нәлібаев.

Басқосуда Мейіржан Юсупов екіжақты әріптестік одан әрі нығайтуға түсетінін айтып, алдағы жоспарларын бөлісті.

Сонымен қатар кездесуде Шиелі ауданы Еңбекші ауылдық округінде «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жолы арқылы көпір салу, 13 шақырымға дейінгі жолды жөндеу мәселелері талқыланды.

ҮКІМЕТ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ Орындалуын тапсырды

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасын іске асыру, IT-экспортты дамыту мәселелері қаралды. Жиынға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысының төрағалығымен өткен мәжілісте мәселелер кеңінен талқыланып, қала, аудан әкімдері мен сала жетекшілеріне тапсырмалар жүктелді.

– «Мемлекет басшысы жыл сайынғы халыққа Жолдауында барлық саладағы цифрлық трансформацияның маңыздылығын үнемі айтып келеді. Биыл жасанды интеллектке баса мән берілуде. Азаматтардың жасанды интеллектті пайдалану тетіктерін енгізуде нақты шаралар қабылдауымыз қажет. Оның мүмкіндіктерін барлық салада кеңінен пайдалану, халықтың дайын сервистерді тез игеруіне мүмкіндік жасау маңызды. Білім саласындағы олимпиадаларға, басқа да іс-шараларға жасанды интеллект тақырыбын қосу қажет. Облысымыздағы

технопарктерде жасанды интеллект өнімдерін әзірлеумен қоса, оның мүмкіндіктерін пайдалануға тұрғындарды кеңінен оқыту, насихаттау керек.

Қоршаған ортаны таза ұстау, туған жерімізді көгалдандыру, абаттандыру тұрғындардың күнделікті өдетіне, өмір салтына айналуы тиіс. Бұл маңызды жұмыстарды тұрақты жүргізуге, кеңінен дәріптеуге қала және аудан әкімдері, барлық басқармалар мен мекеме басшылары, сондай-ақ, бизнес қауымдастық өкілдері тікелей жауапты.

«Таза Қазақстан» порталының басты мақсаты – тұрғындармен жылдам әрі ашық кері байланыс орнату. Келіп түскен ескертулер, шағымдар мен ұсыныстарға дер кезінде жауап беру қажет», – деді аймақ басшысы.

Мемлекет басшысының бастама-сымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында санитарлық тазалық, абаттандыру, тұрғындардың қолайлы өмір сүруіне жағдай жасалуда. Тұрғындар, жастар ұйымдары мен кәсіпорын қызметкерлері бағдарламаны қолдап, тазалық жұмыстарына

белсенді қатысты. Елді мекендердегі скверлер мен парктер, тарихи-мәдени ескерткіштер, әлеуметтік, өнеркәсіп, кәсіпкерлік нысандары, аулалар мен көшелер тазартылды. Бұл жұмыстарға 500-ден астам арнайы техника жұмылдырылды.

Көркейту-көгалдандыру жұмыстары да қарқын алып, өңір климатына жерсінетін көшеттер егілді. Экологиялық бағдарлама аясындағы шаралар республикалық және өңірлік деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде кең көлемде ақпараттандырылды.

Жұмысты одан әрі жүйелі түрде жалғастыру үшін Экологиялық мәдениетті дамытудың 2029 жылға дейінгі өнірлік жоспары бекітілді. Ауылдарды дамытуға бағытталған «Үлгілі елді мекен» конкурсы жыл сайын өткізілуде. Соңғы екі жылда 1 млрд. 500 млн. теңге бөлініп, үздік атанған елді мекендерге 48 арнайы техника табысталды. Өткен жылы коммуналдық сала және абаттандыру мекемелеріне алынған 106 арнайы техника кәсіп ел игілігіне қызмет етуде.

МҰРАЖАЙ – ҒЫЛЫМИ-РУХАНИ ОРТАЛЫҚ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен тарихи-мәдени мұра орталығының (тарихи-өлкетану музейі) құрылыс барысы талқыланып, жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырма жүктелді.

– «Музейдің ішкі тақырыптық тұжырымдамасы бекітілуі, экспозициялық көрме залдары заманауи этно-мәдени үлгіде жасалуы тиіс. Аймақтағы туристік әлеуеті жоғары нысан болғандықтан, оның жабдықталуы, экспозициясы заманауи талапқа сай болуы керек. Ғылыми зерттеу жұмыстарын қазірден бастауды ұсынамын. Құрылыс толық аяқталған кезде экспонаттар дайын болуы қажет. Бұл тек көлушілерге қызмет көрсететін мекеме емес, ақпараттық технологиялармен қамтамасыз етілген ғылыми-рухани орталық болуы тиіс», – деді Н.Нәлібаев.

Жиында орталықтың ішкі экспозициялық жұмыстарының жобасын сәулетші-реставратор, Қазақстанның тарихи-мәдени мұра және музей ісі қауымдастығының атқарушы директоры Ринат Кутдусов таныстырып, ұсынысын айтты.

«СЕМІЗБАЙ У» БАСШЫСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Семізбай У» уран кен орнының бас директоры Біржан Сатанов және орынбасары Қайрат Утәповпен кездесті. Кездесуде аймақтың экономикалық дамуы, әлеуметтік бағдарламалар, экология және әкімдікпен серіктестік мәселелері талқыланды.

Тараптар салық түсімдерін арттыру, өндірістік тиімділікті көтеру, жұмысқа орналастыру және оқуға гранттар беру, қоршаған ортаны қорғау, экологиялық әсерді азайту жөніндегі жоспарларды қарастырды. Әсіресе, жергілікті халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған бірлескен жобаларға ерекше назар аударылды.

– «Семізбай-У» серіктестігі 2006 жылы Ақмола облысындағы уран кен орнын игеру үшін құрылған. Құрылтайшылары – «ҚазАтомЭнергосіп» ҰАҚ, Beijing Sino-Kaz Uranium Resources Investment Company Limited компаниялары. Құрамына Ақмола облысындағы «Семізбай» кен орны, Солтүстік Қазақстан облысындағы «Семізбай» филиалы, Қызылорда облысындағы «Іркөл» кен орны кіреді. Негізгі қызметі – уран өндіру және өңдеу, уран құрамды рудалардан онім дайындау және сату.

«Іркөл» кен орны 1971 жылы ашылып, 1975-1985 жылдары бұрғылау арқылы барлау жүргізілген. КСРО Мемлекеттік қорлар комиссиясы уран қорының көлемін 29 541 тонна деп бекіткен. Кен орны 2008 жылы пайдалануға беріліп, 2010 жылы жобалық қуаттылығы 700 тоннаға жетті.

ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ ГАЗДАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев елді мекендерді газдандыру мәселесіне қатысты арнайы жиын өткізіп, жауапты сала басшылары мен аудан әкімдеріне бірқатар тапсырма берді.

– «Елді мекендерді «көгілдір отынмен» қамтамасыз ету – маңызды міндеттердің бірі. Газдандыру тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға, тұрмыс-тіршілігін жақсартуға оң әсерін тигізетін белгілі. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына қала және аудан әкімдіктерімен бірлесіп, газдандыру жобаларын әзірлеудегі және жүзеге асырудағы жұмыстың ауқымын ұлғайту керек. «ҚазақГаз Аймақ» акционерлік қоғамы жаңа инвестициялық бағдарлама аясында облысқа 22 млрд. теңге инвестиция салуға дайын екендігін жеткізді. Біз инфрақұрылымдық жобаларға барлық көзден қаржыландыру тетіктерін қарастыруымыз қажет. Жаңа инвестициялық бағдарламаның өңірімізде сапалы іске асырылуын қамтамасыз етіңіздер. Тарифті қатаң бақылауда ұстап, оның негізсіз өсуіне жол бермеу үшін тиісті шараларды қабылданыңдар», – деді Н.Нәлібаев.

Өткен жылы газдандыру жобаларына 30 млрд. теңгеден астам қаржы бөлініп, жоспарланған жұмыс толық орындалды. Аймақтың 11 елді мекені табиғи газға қосылып, облыс тұрғындарының 78 пайызы газ тұтынатын болды, газдандырылған ауылдар саны 46-ға жетті. Жыл басынан бері 4 елді мекенге газ желісі тартылды.

ЕРЛІКТІ БАҒАЛАДЫ...

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев 10 қаңтарда «Қызылорда - Астана» бағытындағы ұшақ бортында адам өмірін құтқарып қалған жерлесіміз Дінмұхаммед Бектұрғанның ата-анасы Нұрболат және Ғалия Нұрсейіттермен кездесіп, Дінмұхаммедтің жас болса да, шұғыл әрі батыл, сауатты әрекет жасағанына ризашылығын білдірді. Баласына жақсы тәлім-тәрбие бергені үшін ата-анасына алғысын жеткізді. Интерн маман оқуын әрі қарай үш жылдық резидентурада жалғастыруды жоспарлаған. Аймақ басшысы елдің атынан алғыс ретінде Дінмұхаммед Бектұрғанның оқу ақысын төлеуге қолдау білдіретінін айтты.

– «Дінмұхаммед медициналық көмекке мұқтаж азаматқа дер кезінде алғашқы жәрдем көрсетіп, өмірін сақтап қалды. Оның уақыт озырмай қабылдаған шешімі, сауатты іс-қимылы өзі сияқты медицина мамандығында білім алатын жастарға үлгі-өнеге болды.

Бұл арқылы Дінмұхаммед өз мамандығын жақсы меңгергенін ғана емес, ата-анасынан, ұстаздарынан, аға буын әріптестерінен тағылымды тәрбие алғанын көрсетті.

Дінмұхаммед секілді жас мамандар – еліміздің болашағы. Біз осындай азаматтарға әрдайым қолдау көрсетіп, ерлік ісін өскелең ұрпаққа үлгі етіп насихаттауымыз қажет.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Мемлекетіміздің келешегі – жастардың қолында. Ол жай ұран емес. Бұл – біздің басты саясатымыз. Сондықтан келешекте де біз жастарды қолдаймыз. Оларға жәрдем береміз. Әсіресе, дарынды жастарды тұрақты түрде қолдауымыз керек» деген болатын.

Білімді, білікті, адал, туған елінің патриот жастарын қолдау мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болып қала береді. Президентіміз тек жастардың ғана емес, өскелең ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздардың, қарапайым еңбек адамдарының өнегелі істерін әрдайым көпке үлгі етіп айтып келеді. Өз мамандығын жетік білуге талпынған, үздік оқытын,



патриот азаматты тәрбиелеп өсірген сіздерге және ұстаздарға барша Сыр жұртшылығының, өзіміздің атымынан зор ризашылығымыз білдіремін», – деді Н.Нәлібаев.

Дінмұхаммед Бектұрған Астана медицина университетінің 7-курс студенті. Қазір интернатурада оқиды. Кеше Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлнарарова Дінмұхаммедті

министрліктің «Құрмет грамотасымен» марапаттады. Интерн маман Астана медицина университеті ректорының міндетін атқарушы Анар Тұрмұхамбетованың, «Аманат» партиясы Астана қалалық филиалының жетекшісі Мұхаммед Болысбектің және «ҚазақЭйр» компаниясы экипаж командирінің «Алғыс хаттарына», 4 тегін авиабилетке ие болды.

МЕКТЕП КӨБЕЙДІ...

Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Дархан Сатыбалдының төрағалығымен өткен мәжілісте «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының, «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасын іске асыруы талқыланды.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен облыста 12 300 орынға арналған 21 мектеп салу және оның 6 900 орындық 10 мектебін 2024 жылы пайдалануға беру жоспарланған.

2023 жылы жайлы мектептер құрылысына 19,6 млрд. теңге қаржы бөлініп, «Самұрық - Қазына Констракшн» акционерлік қоғамының шотына аударылды. 2024 жылға жоспарланған 21,3 млрд. теңге игерілді. Қызылорда облысының әкімдігі мектептерге инфрақұрылым жеткізудің жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуге жергілікті бюджеттен 118,4 млн. теңге бөліп, сараптаманың оң қорытындысы алынды.

Одан әрі жергілікті бюджеттен 1,7 млрд. теңге қаржы бөлініп, бүгінде 10 мектептің инфрақұрылым жұмыстары толық аяқталды. Іргелес аумақтарын абаттандыру, жол салу үшін жергілікті бюджеттен 2 млрд. 80 млн. теңге бөлінді. Мердігерлер анықталып, жұмыс жүргізілуде.

Өткен жылдың қазан айында республикада алғашқылардың бірі болып Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жағалауынан 900 орындық мектеп ел игілігіне табысталды. Қаңтар айының басында тағы 2 мектеп пайдалануға берілді. Былғы жыл басында Қызылорда қаласының КБИ мөлтек ауданындағы 600 орындық мектеп ашылды. Жақын күндері Жаңақорған кенті Саяжай мөлтек ауданындағы 600 орындық мектеп пайдалануға беріледі. Қалған 5 мектептің құрылысы осы жылы бітеді.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасының өңірлік жоспары жасалып, ол бойынша кешенді жұмыс жүргізілуде. Демеушілік есебін Қызылорда қаласындағы 28 ескі көпқабатты тұрғын үйдің қасбеті заманауи панельмен қапталды, 20 көпқабатты тұрғын үйдің аулалары абаттандырылды.

БАС ЖОСПАРДЫҢ ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ АЯҚТАЛАДЫ

Қызылорда қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Дінмұхамбет Сырлыбаев бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне өткен жылы салада атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар бойынша баспасөз конференциясын өткізді.

– Биыл бас жоспардың қолдану мерзімі аяқталады. Оны жаңалау мақсатында өткен жылы әзірлік шаралары басталды. Сызба жұмыстарын ашық конкурстар арқылы жеңімпаз атанған Алматы қаласының «Казгипроград» І жобалау институты» ЖШС жүргізуде. Тұжырымдама құжаттың Қызылорда қаласының 20 528,0 гектар аумағына аэрофототүсірілім толығымен орындалған және елді мекендерді дамытудың ұзақ мерзімді болжамы әзірленген. Қызылорда қаласының бас жоспарын жобалау жұмыстарын 2025 жылдың аяғында аяқтауды жоспарлаудамыз. Бұдан бөлек, «МПК-Проект» ЖШС-і демеушілігімен Тасбөгет кентінің, Қызылжарма ауылдық округі мен Досан елді мекенінің Бас жоспарын жобалау жұмыстары басталды», – деді бөлім басшысы.

Бөлім тарапынан сыртқы жарнама нысандарының уақыттылы жаңартылуы және көше-жол торабына

төгілген құрылыс материалдарын анықтау бойынша мониторинг жұмыстары тұрақты жүргізілуде. Осы жұмыстар барысында өткен жылы замансыз ілінген 331 жарнамалық баннер анықталып, қала бюджетіне 84 млн. теңгеден аса қаржы түсірілді. Сонымен қатар құрылысқа рұқсат беру құжаттарын рәсімдеген 73 кәсіпкерлік нысан анықталып, заңға сәйкес тиісті шара қабылдау үшін облыстық бақылау басқармасына жолданды. Мәселен, тиісті рұқсат қағаздарын рәсімдемей И.Журба көшесінің бойындағы қызыл сызықпен қабаттаса салынған көлік жуу ғимараты мен Иса Токтыбаев көшесі бойындағы сауда нысаны соттың шешімі негізінде меншік иесінің есебінен бұзылды.

Қаланың сәулеттік келбетін жақсарту бағытында өңірдің табиғи ерекшеліктерін ескере отырып, қаладағы қолданыстағы бірнеше ескірген саябақтар мен парктерді қазіргі заман талабына сай жаңарту үшін жобалау жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, Тұңғыш Президент атындағы парк, Орталық мәдени және демалыс паркі, Қорқыт Ата атындағы саябақтың және Б.Шөкенов атындағы саябақтың эскиздік жобалары облыс



танымал жобалаушылардың бірі болып табылатын «В1 group» мекемесінің өз қаражаты есебінен және сала мамандарымен бірлесіп әзірленіп, ұсынылды. Сонымен қатар, қаладағы басқа да саябақтармен демалыс орындарының, оның ішінде, «Арай-Санрай» лагерьі, «Ғалымдар» аллеясы, «Темір Жол» паркі, «Автовокзал» аллеясы, М.Ералиева атындағы саябақ, М.Торайғыров көшесі бойындағы аллея, «Шұғыла» мөлтек ауданы №5 үй алдындағы аллея, Келменбет батыр аллеясына эскиздік жобалар әзірленіп, ұсынылды.

Елуінші жылдардың басында Ахмет атасы балам жақсы білім алсын деген ниетпен Сырдария ауданындағы «Айдарлы» ауылынан Қызылорда қаласына көшіп келді. Көршілері Мұстафаның туған інісі Мұртазаның баласы Мәдиярдың отбасы еді. Оның шешесі Зұлфия Шоқайдың інісі Оспанның бұрынғы жесірі екен. «Сол Зұлфия апай «Біздің қайнаға (Мұстафаны айтады) жеті патшаның тілін біледі», деп арақидік айтып қоятын. «Бұл сөздің растығына 2012 – 2014 жылдары Мұстафа Шоқай шығармаларының он екі томдық толық жинағы шыққанда көзім жетті. Еңбектері тоғыз тілде жарық көрген екен» дейді Әбекең бұл күнде.

Мұстафа Шоқай есіміне осылай ертеден қанық болып өскенімен, жоғары саяси қызметте жүрген Әбдіжәлелге ұлы тұлғаның өмірін, қызметі мен шығармашылығын зерделеу тұрмақ, онымен әлдебір туыстық қатынасы бар екенін сездіру де мүмкін емес еді. Бірақ таңның атпасына күн қоймайтыны сияқты заманның өзгеруі де заңдылық. Қасаң кеңес қоғамын қайта құру нау-

мысалы – Ұлбала Алтайбаева. Он үш балалы, әрі мол өнімші диқан Ардақты Ана Ұлбала Алтайбаеваның ерен еңбегі лайықты бағаланып, Социалистік Еңбек Еріне жеткізген мақсатты насихатты ұйымдастырушылардың бірі тағы да Ә.Бәкір еді. Бұл кезде ол ықпалды партиялық қызметте болатын.

Комсомолдан соң қызмет Қызылорда облыстық партия комитетінде жалғасты. 1974-1991 жылдары он жеті жылдан астам партиялық қызметте обкомның бөлім меңгерушісіне дейін көтерілді. Өзі қаруында қызмет істеген Қызылорда обкомының идеология жөніндегі хатшысы Қаржаубай Жарқынбековтің партияның сөзін сөйлей тұрып, ұлттық мүддені қисынын келтіріп жоғары қоя білетін қасиетін өнеге тұтты. Байсалды да байыпты, кішіпейіл, ізденімпаз, досқа адал, уәдеге берік болып қалыптасты.

Обкомның бөлім меңгерушісі ретінде Әбдіжәлел Бәкір қауырт та жауапты қызмет ағынымен кетіп қалмай, партиялық жұмысты ғылыми ізденіспен ұштастыра алды. 1984 жылы Қазақстанның көрнекті этно-

байқаулардың жеңімпазы атанды.

Әбдіжәлел Бәкірдің 1995 жылы Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне Қызылорда облысының Жалағаш, Жаңақорған және Шиели аудандарын қамтыған аумақтық округтен халық өкілі ретінде депутат болып сайлануы оның қалыптасқан ұлтжанды да мемлекетшіл, орнықты қоғам қайраткері болмысын аша түсті, қабілет-қарымын жақсы танытты. Халқымыздың тілі, ділі, діні сияқты өзекті мәселелерде ірілікмеді. Мәжілісте қабылданатын заңдардың, талқыланатын мәселелердің ұлттық мүдде тұрғысында қаралуында депутаттар көрнекті қоғам қайраткерлері, Халық жазушылары Шерхан Мұртаза, Фариза Оңғарсынова, профессор Амангелді Айталы сынды кесімді тұлғалармен пікірлес болды, өзекті мәселелердің ұтымды шешімдерін табуда бірлесіп әрекеттенді. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы», «Жарнама туралы», «Мәдениет туралы», «Саяси

ана тіліміздің жанкүйер жанащыры ретінде өз пікірлерін, ұсыныстарын айтып та, жазып та келеді. Соның бір мысалы Парламент Мәжілісі төрағасының орындаушыларына «Қазақ үні» ақпарат агенттігі арқылы жария жолдаған ашық хаты. Депутат кезінен

«Қазақстан Республикасы кәсіби Парламентінің қалыптасуы: саясаттанулық талдау» деген тақырыпта диссертация қорғады, саяси ғылым докторы дәрежесін алды. Бұдан басқа Ә.Бәкір өзінің Алаш қозғалысын зерттеу қорытындыларын 2008 жылы жоғары оқу орындары студенттеріне арналған «Алаш қозғалысы саяси топ



ТЕМІРҚАЗЫҒЫ - МҰСТАФА ШОҚАЙ

Ұлтжанды, мемлекетшіл қоғам қайраткері Әбдіжәлел Қошқарұлы БӘКІР 85 жаста

қаны арқасында жариялылыққа ашылған мүмкіндікті жедел де ұтымды пайдаланып, түрік әлемінің айтулы көсемі Мұстафа Шоқайдың қызметін әділ бағалау жолын көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы Әнуар Әлімжанов бастап жіберді. Көп ұзамай Мұстафа арманы да орындалды, рухы туған еліне оралды. Түркістаны – Орталық Азияның кеңестік республикалары Тәуелсіздікке жетті. Сол-ақ екен Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қызметіне арналған зерттеу мақалалар, көркем шығармалар, деректі және көркем фильмдер бірінен соң бірі шығып жатты, ғылыми диссертациялар қорғалды, оның еңбектері том-том болып жарияланды.

1956 жылы Қызылорда қаласындағы 1 Май (қазір Қалтай Мұхамеджанов) атындағы орта мектепті, 1963 жылы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда мемлекеттік педагогика институтының (қазір Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті) филология факультетін үздік дипломмен бітірді. Жалындаған жас маман Әбдіжәлел еңбек жолын әуелі Сырдария ауданында ауылда, одан кейін Қызылорда қаласында орта мектепте мұғалімдіктен бастады. Оқушы кезінде пионер жетекшісі, студент жылдары факультеттің көсіподақ серкесінің қоғамдық жұмыстарға жастайынан белсенділігі мектептегі қызметте де жалғасты. Бастамашыл, айналасындағы жастарға ықпалды, оларды игілікті істерге тарта білетін ұйымдастырушылық қабілеті байқалған елгезек жігіт көзге түспей қалған жоқ, көп ұзамай жастар ұйымына жауапты қызметке шақырылды.

әлеуметтанушы ғалымы, философия ғылымының докторы, профессор М.М.Сужиковтің жетекшілігімен ұлттарлық қатынастар мәселелері бойынша диссертация қорғады, философия ғылымының кандидаты дәрежесіне ие болды.

1991 жылы Әбекеңнің қызметі тың салаға ауысты, Қызылорда облыстық телерадиохабарларын тарату компаниясының төрағасы болып тағайындалды. «Қазақстан-Қызылорда» облыстық телеарнасының мемлекеттік басқару органдарында халықпен жақсы істеу мектебінен өткен әрі ұйымдастырушылық өмірлік тәжірибесі мол ғалым жаңа төрағасы тың істе тосылып қалмады, ұжымды біліктілікпен шығармашылық ізденістерге бастады, жастардың таланты ашылуына тәлімгерлік қамқорлықпен ерекше мән берді, тұрмыстық жағдайларына да көңіл бөлді, беделін салып компания қызметкерлеріне пәтер бөлінуіне қол жеткізді. Осылай ұжымдағы байырғы журналистердің тәжірибесін, жас буынның серпінді талпынысын жаңашылдыққа бұра білді. Тележурналистердің күнделікті тап-таурын тақырып, күйбең мәселелер шырғауында қалмай, елдің көңіліндегі өзекті жәйттерді зерттеуіне, телеарнада көкейкесті тақырыптардың кеңірек қамтылуын алдыңғы кезекке шығарды. Тікелей эфирдегі «Жүз десу», «Көкейкесті» хабарлары жұртшылық көңілін дөп басты. «Сыр елі – жыр елі» деп, «Өнші балапан», «Жас қанат», «Таңшолпан» байқаулары жүргізіліп ұйымдастырылды. Ә.Бәкірдің жетекшілігімен қолға алынған ел ішін-

жәніндегі нақты ұсыныстарын енгізе алды. Мәжілісте балаларымыздың шетелге кетуі үлкен талқылауға түскені белгілі. Тағы да Айталы, Шераға, Фариза және Әбдіжәлел балалары шетелдіктерге беруге өре тұра қарсы шықты. Күндердің күнінде шетелге асырылғандардың біреуі болмаса біреуі мені өз елімнен бездіргендерге лагнет айтамын деуі де мүмкін ғой деген де жанға батар сөздер айтылды. Жетім ұрпағымызға қажетті жағдайды өз еліміз жасасын деді. Бірақ бұлардың ұсынысы өтпеді. Қазір сол балалардың бәзбірі ата-анасын шырырап іздеп келіп жатқаны елге мәлім.

Сондай-ақ «Тіл туралы» заңның 18-бабының екінші бөлігіндегі «Қажетті тілдік ортаны жасау және мемлекеттік тілдің толыққанды қолданылуы мақсатында, олардың мәншік нысанына қарамастан, теле, радиоарналар арқылы берілетін мемлекеттік тілдегі радиобағдарламалардың көлемі уақыт жағынан басқа тілдердегі теле, радиобағдарламалардың жиынтық көлемінен кем болмауға тиіс» деген құқықтық норманы енгізді. Ал осы норманың жүзеге асуы оңай болмағаны, талайға дейін қазақ тілді хабарлар телеарналарда түн ортасы ауа эфирге беріліп келгені кезінде жұртшылықтың орынды наразылығы туғызғаны мәлім.

Астанадағы қазақ мектептерінің мұрагері жай-күйі, келешек өркендеуі туралы мәселе көтеріп, сол кездегі қала әкімі Т.Досмұханбетовтің есебі Мәжілісте тыңдалуы қазақ мектептері мен балабақшаларының көбеюін арттырды. Әбдіжәлел Бәкірдің ана тіліміздің мерейі үшін күрестегі осындай табандылығын жоғары бағалап, Мәжіліс төрағасы Жармахан Тұяқбай оны «Тілдің табанды тарлауы» десе, депутат қайсар қаламгер Шерхан Мұртаза депутат әріптесін «Қазақ тілінің пәруана жанащыры» деп атаған екен. Бұқаралық ақпарат құралдарында да ел көңіліндегі өзекті мәселелерді ортаға салуымен жиі көрінді. Сайлаушыларымен кездесулерде айтары аз болмады. Ә.Бәкірдің міне осындай елжандылық қасиет-қарымын лайықты бағалаған Сыр елі оны өз округінде 1999 жылы екінші рет Парламент депутаты етіп сайлады. Халық қалаулысы ел сенімін ақтады.

Парламент депутаты кезінде ғана емес, одан кейінгі кезеңде де болаттай беріктігі мемлекеттің ұлттық сипатына әсер етері анық. Ұлттық идея, ұлттық идеология, ұлттық мәдениет, ұлттық болмыс сияқты ұтымды ұғымдарды кейінге ысырудың салдары – билік маңайында жүргендердің кейбіреулері өздерінің «ұлтсыздық үңгірі» баспана етіп жүргендерімен қоймай, мемлекеттік мәртебелі ана тіліміздің мерейі үшін күрескендерді «ұлтшылдық үңгіріндегілер» деп гайбаттауы ұлттық рухсыздықтың нағыз көрінісі. Ал Тәуелсіздік пен ұлттық егіз ұғымдар. Осы орайда Мұстафа Шоқайдың «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді»,- деген сөзі «ұлтсыздық үңгірінен» адастырмай алып шығар сәуле емес пе,- дейді Әбдіжәлел Бәкір.

Парламент әдебіне қанық Ә.Бәкір бұл хатында Мәжілісте өткен Үкімет сағатында орыс тілінде сайраған Алматы қаласының, Алматы және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері орынбасарларының бұл тілбұзар қылықтарына депутаттардың орынды қыжылысын қақпайлап, үстілділік саясатты алға тартқан, «әрқайсымыздың екі тілде, тіпті үш тілде сөйлеуге құқымыз бар» деп құйқылжыған орынбасардың бұл әрекетінің орынсыздығын заңнама тұрғысынан негіздей отырып, айыптауы оның азаматтық ұлтжандылық ұстанымының тағы бір дәлелі.

Қай мәселеде сөз қозғаса да тірегі де, дәйегі де Алаш зиялылары. Өсілі, біздің ұлтқа ұлтшылдық, ұлттық рух жетпей жатыр. Шынтуайтында алдымен ұлтшыл болмай, мемлекетшіл бола алмаймыз. Халқымыздың шынайы ұлтшылдығы, ата-бабаның ежелден келе жатқан жарасымды салт-дәстүріне бекемдігі, тәуелсіздік мұраттарына

басшыларының әлеуметтік көзқарастары» деген оқу құралы етіп ұсынды. 2011 жылы оған әлеуметтану мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы берілді.

Түрік әлемінің көсемі Мұстафа Шоқайдың саяси қызметін, шығармашылық мұрасын зерттеу Әбдіжәлел Бәкірдің өмірлік мұратына айналғалы қашан. 2016 жылдан Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде құрылған Мұстафа Шоқай ғылыми орталығының ғылыми жетекшісі. Ол білікті шоқайтанушы ғалымдарды, қаламгерлерді ұйымдастырып «Мұстафа Шоқай» ғылыми-тарихи танымдық энциклопедия жинақтауға кіріскеніне де бірнеше жыл, жұмыстың баяулығы оның қоғамдық негізде атқарылуында болып отыр. Бұл еңбектің тинақты аяқталып, жарық көретініне сексеннің сегізіндегі Әбекең сенімді, бар қажыр-қайратын осы ауқымды да күрделі, сауапты жұмысқа арнаған. Мәскеу мұрағатында отырды, Грузияда, Францияда, Германияда болды. Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қызметіне, шығармаларына бойлаған сайын жекелеген зерттеушілердің білгені болмаса, ол туралы мәліметтер әлі толық ашыла қоймағаны анықталды.

Бірнеше жыл бұрын Мұстафа Шоқайдың сүйегін Берлиндегі Сулейман зиратынан, Мұстафаның жары Мария Шоқайдың сүйегін Париждең қазақ топшырағына әкеліп жерлеу керек деген ұсыныстар айтылды. 2021 жылы Шымкентте Алаш арыстарына арналған республикалық конференцияда бұл мәселе тағы көтерілгенде Әбекең басқа ұсыныс айтты. «Аруақтарды қозғамайық, Мұстафа атамыз қазір Еуропа мен Азияны, Батыс пен Шығысты байланыстырған дөңкер. Одан да Мұстафа атамыз бен Мария анамызға Түркістанда ескерткіш орнатқан жөн болар деген өз ойын негіздеп ортаға салды. Ерінен кейін 28 жыл өмір сүрген Мария Шоқай құрескер тұлғаның есімі ұмытылмас үшін қолынан келгені бәрін бір өзі жасады. Мария Шоқай 1969 жылы бұл дүниеден қайтқанша ерінің асыл мұраларын жиыстырып, түгел 1953 жылы «Жаңа Сорбонна – Париж III» университетінің Тілдер мен өркениеттер институтының университеттік кітапханасына тапсырды. Одан кейін Мария анамыз күн көріп отырған пианиносын сатып, ерінің бейітіне ескерткіш белгі орнатты. Оның «Менің Мұстафам» естелік кітабы мұстафатану ғылымының беташары. Мұстафа Шоқайдың өмірін, қызметін, мұрасын зерттеушілар алғашқы қадамды Мария-ананы осы естелігін оқудан бастауы керек. Бірақ Түркістанда қос арысқа ескерткіш орнату туралы мәселе, өкінішке қарай, айтылғанжерде қалды деп қынжылады Әбдіжәлел Бәкір.

Ә.Бәкірдің атқарған қызметі мен сіндірген еңбегі бағаланып, уақтысында екі рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен, 1982 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, 2001 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет Грамотасымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған. «Ыбырай Алтынсарин» төс белгісінің, Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары қауымдастығының «Ахмет Байтұрсыннов» орденінің, «Қорқыт Ата алтын медалының», Тәуелсіздіктің 25 жылдығына және Алашорда үкіметі мен Алаш автономиясының 100 жылдығы құрметіне арналған медальдардың иегері. Ә.Қ.Бәкір Қызылорда облысының Құрметті қайраткері, Қызылорда қаласының Құрметті азаматы.


Әбдіжәлел Қошқарұлы жарты ғасыр отасқан жары, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, математика пәнінің жоғары санатты мұғалімі Туғанай Мұханқызымен ұл-қыз өсірген ата-ана, өрбіген немере-шөберенің мерейлі ата-әжесі.

Ақайдар ЫСЫМҰЛЫ,
Қазақстан мәдениет қайраткері,
Қазақ журналистикасының қайраткері
Қызылорда облысының
Құрметті Ардагері

Ә.Бәкір:
– Біз кезегі кеңестік қоғамды да, бүгінгі Тәуелсіз елімізді де көрдік. Екі қоғамды да салыстыра отырып, жақсысы мен әптегенайын айта аламыз. Мен кейбір ғалымдардың кеңестік жүйені түгелдей теріске шығаруымен келісе алмаймын. Ол кезең ата-бабамыздың, өзіміздің өміріміз, сеніміміз, Отан үшін, халық игілігі үшін деген адал еңбегіміз. Кеңестік социалистік қоғамның жарамды жақтарын қабылдап, жаңа жағдайда қызмет ететіндей жетілдіре түсуге өбден болареді.
Тәуелсіз ел болып, өз тізгініміздің өз қолымызға тигеніне қуанбаған қазақ жоқ. «Осы аңсаған Тәуелсіздік мүмкіндігі мемлекетіміздің, халқымыздың мүддесіне барынша пайдаланылды ма?» деген сұрақ екі қоғамды көрген, салыстыра алатын алдыңғы ұрпақ үшін заңды. «Қашан әл-Фараби бабамыз сонау ықылым заманда армандаған қайырымды қоғам құрар екенбіз?» деп мен де қиялдаймын. Содан да болар, қоғам өміріндегі құбылыстарға, ешнәрсеге бейжай қарай алмаймын, бос жүру де мен үшін жат.

дегі халық таланттары – ақындардың, өншілердің, бишілердің, жыраулардың, жырышылардың, күйшілердің шығармашылығына арналған «Сыр саңлақтары» танымдық кездесу хабарлары көрермендердің ықыласын аударды, ол хабарлардың біразы «Қазақстан» ұлттық телеарнасының «Алтын қорына» қабылданды. Тоқсаныншы жылдардың басында абдырау кезеңінде таланттарды осылай қолдау олардың ғана емес, жұртшылықтың да рухын көтерді. Осы жылдары облыстық телеарна төрт мәрте республикалық

Кітапхана



пролетариат, қара шаруа жазушылары жалпы қазақ еңбекшілерінің салт-санасын тәрбиелеп, еңбекші бұқараны социалдық дәуірге жетектеуге, еңбекші таптың мақсатына теріс пікірлермен күресуге партияға көмектес болулары керек.

3 Қазақ еңбекшілерін Октябрь төңкерісі оятты, орыс еңбекшілеріндегі қазақ еңбекшілері төңкерістің қазанында қайнап, тәжірибе көрген жоқ. Ұйымдасқан пролетариаты бар, төңкеріс тәжірибесі бар орыс елінде де байлардың салт-санасы мен жағаласын келеді. Қазақ жағдайына келгенде байлардың салт-сана таласы өте күшті.

XX ғасырдың басынан басталған ұлтшылдық, 1917 жылы

Жаңа шаруашылық саясатының тұсында партия үгіттен гөрі іске көбірек жұмылды. Мінеки, осы ұранды (өсіп жетпегеннен) салт-сана майданында орындайтындар еңбекші жазушылар. Олай болса олардың басын қосып тәрбиелейтін тиянақты ұйым ашу керек.

4 Қазақ елінің көпшілігі қара шаруа, оның көпшілігі кедей мен орташа. Фабрик, заводтарымыз, ұйымдасқан жалшыларымыз да жоқ емес. Қазақстанның қазіргі жағдайында жеке пролетариат жазушыларының ғана ұйымын ашу әзірге ертерек. Соның үшін 1925 жылдың басында ашылған Қазақстандық пролетариат жазушыларының ұйымына аздап өзгеріс кіргізуге тура келеді. Бірақ негізге Москвадағы пролетариат жазушыларының ұйымының аты: «Қазақстандық пролетариат қара шаруа жазушыларының одағы». Бұл одақ кемшілігін іс жүзінде түзеп, қазақ еңбекшілерінің әдебиетін өркендетеді.

5 Тапшылдық дәуірде басқа жұмыстар таптан тысқары болмауы сықылды, тап тілегінен тысқары

жұмыскер, қара шаруадан шыққан жас жазушыларды осы тілекке баулиды. Біздің Одақ пролетариат, қара шаруаның бір бөлімі болғандықтан тұрмысқа диалектика-материализм көзімен қарайды.

7 Жұмыскер, қара шаруа әдебиеті байлар әдебиетіне қарсы тұрады. Еңбекшілік бағыттан теріс әдебиетпен күреседі. Соңғы кезде қазақтың байшыл жазушылары өздерінің пікірлерін астарлап, сөздерінің сыртын көбірек сырлап, білгізбей өткізуге айналып жүр.

Еңбекші жазушылары әдебиеттің сыртын қандай сұлу қылуға тырысса, ішін де сондай маңызды етеді. Марксистік-төңкерісшілдік бағытымен қазақ еңбекшілерінің салт-санасын тәрбиелейтін сөздерді жазады. Тұрмыста бар болған, болуға мүмкіндігі бар нәрселерді жазады. Ескі тұрмыстан жазғанда қазақ еңбекшілеріне үлгі боларлықтарын, болмаса ескі тұрмыстың жамандығын суреттейтіндерін ғана алады. Өткен дәуір мен қазіргі дәуірді салыстырып, келешекке қырағылық жасайды.

ҚАЗАПП-ТЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

2 Пролетариат тап күресін аяқтап, өзіне дұшпандарды соғыс майданында жеңіп шықты. Шаруа, әкімшілік екеуі де соның қолына көшті. Бірақ әлі де болса пролетариаттың, әсіресе қазақ еңбекшілерінің түгел қолына алып болмаған жұмыстары бар: соның бірі – салт-сана (идеология) майданы. Қазақ байлары орыс байларындай Октябрьдің таяғын оңдап жеген жоқ. Ауылда әлі де болса байлардың, байлардың өкілі - Алашорданың ықпалы бар. Мұны партия ашық айтып отыр. Жаңа шаруашылық саясатты бетке ұстап (НЭП) қазақтың байлары соңғы кезде салт-сана жүзінен ықпалын жүргізуге жұмыла кірісуде. Сондықтан қазақ жағдайындағы қазіргі мықты күрестің біреуі салт-сана майданындағы күрес. Салт-сана майданындағы мықты құралдың біреуі - көркем әдебиет. Сондықтан қазақтың

февраль төңкерісінен кейін жасалған байшылдық (Алашорда), осылардың бәрі де қазақтың ұлтшыл байларына, байшыл жазушыларына салт-сана жүзінен жол ашты. Октябрь төңкерісіне қарсы аттанған ұлтшыл және байшыл жазушылар қазақ еліне тамырын жайды. Октябрьдің артынан шыққан қазақтың еңбекші жазушылары сауатын аздығынан, ұйымы жоқтығынан байшыл жазушыларға төтеп бола алмады. Осы себептен Октябрьдің артынан да едәуір уақытқа шейін байшыл жазушылар өз дегендерін істеп ықпалын жүргізіп келеді. Осымен қатар, қазақ пролетариат, қара шаруаларының да, оның ақын, жазушыларының да санасы өсіп келеді. Бұрынғы бірен-саран жазушыларға: жұмыскерлерден, жалшылардан, кедейлерден, орта шаруалардан жазушылар қосылды. Салт-сана майданында күресін күшейте бастады.

жайылатуғын әдебиет те болмайды. Тапшыл әдебиет әуелі өз табының жырын жырып, содан кейін өз табының мақсатымен жалпы адамзаттың бағытын көздейді. Соның үшін Одақ қазақтың пролетариаты мен қара шаруасының санасын тәрбиелеуге жарайтуғын әдебиетті ғана өркендетуге күш жұмсайды. Жұмыскер мен қара шаруаның жаңа тұрмысқа қарай беттеген беталысына жәрдемдес болмаған әдебиетті керексіз деп табады.

6 Бұл Одақ Орталық партия комитетінің 1925 жылғы көркем әдебиет туралы жасаған қаулысын қолданады. Сол қаулының жолымен іс істейді. Көркем әдебиетте тапшылдық бағыт алып, партияның саясатын жұмыскерлердің, қара шаруалардың арасына таратысуға жәрдемші болады,

Төңкерістің және тап соғысының зардабы қазақ елін де құр қалдырған жоқ. Аштық, жұт, соғыс коммунизмі, тағы сондай оқиғалардың көбі жазылмай келеді. Төңкерістің арғы жағында қазақтың қанішер хандары, батырлары, парақор болыс, би, ауылнай, ақсақалдары; еңбек жегіш байлары; төңкерістің тап соғысының кезіндегі оқиғалар; Алашорда оқиғалары да жазылғандар аз. Бұл оқиғаларды толық жазып, қазақ әдебиетшілерінің алдына тарту жұмыскер-қара шаруа жазушыларының зор міндетінің біреуі.

9 Қазақтың еңбекші жазушыларының қаламы әлі төселіп болған жоқ. Олардың жазғандарының көбінде мазмұн мен түр (форма и содержания) екеуі тең түспей тұр. Көркем әдебиет бұл екеуінің тең болуын қатты керек

қылады. Мазмұн мен түр екеуі қатты байланысты нәрсе. Егер де осы екеуінің тең болуын көзден, көркемдік өзінен-өзі шығады. Еңбекші жазушылардың міндеті осы екеуін де ақсатпау.

10 Өлең, әңгіменің ескіден келе жатқан түрін Одақ керексіз қылмайды. Түр үшін ешкіммен таласпайды да айырылмайды. Бар түрлерді түзеп беруді мақұл көреді.

Одақтың көздейтіні: жазылған өлең, әңгімелерді басынан аяғына шейін мазмұны толық болуы; екі мағыналы, астарлы қыламын деп түсініксіз болып қалмауы; пікірінің жұмбақсыз ашықтығы.

11 Қазақтың қара бұқарасынан шыққан жазушыларының біразы өлі де болса адастып қайда барарын білмей жүр. Бұлар кейде байды, кейде еңбекшілерді жырылайды. Одақ оларға байшыл жазушыларға қараған көзбен қарамайды. Оларды өзіне тартып, тәрбиелеп, еңбекшілік бағытқа көшіруге тырысады.

12 Қазақтың да байлар табы әлі өшіп жеткен жоқ. Олай болса олардың

АЛҒАШҚЫ АДЫМДА

Платформасы қабылданған жиналыста ҚазАПП-тың ұйымдастыру бюросы құрылып, председателдігіне Сәкен, секретарлығына мен сайландым. Мүшелігіне Бейімбет Майлин, Әбдірахман Бейділдин, Хамза Жүсіпбеков, Орынбек Беков өтті. Еңбекшілерінің «Еңбекші қазақ» газетінен алып, оның партиялық бөлімін басқарам. Ұйымдастыру бюросының істері де сол бөлмеде жүріп жатады.

Газеттің редакторлығына кешікпей Ғаббас Тоғжанов тағайындалды. Шарғылау бойлы, ашаңдау денелі, сарғылт өңді, көк көзді, шашы кірпіше тіктейтін, беті қушықтау, көптеп ауыздау, жасы менімен күрдас бұл жігіт, кескін-кейпі жағынан қазақтар гөрі татарға ұсаңқырайтын.

Ғаббасты мен алғаш 1918-19 жылдардың қысында, Омбы қаласында көрдім. Сол кезде гимназияда оқитын ол, ұйымдарына «Жас азамат» деген ат қойған алашордашылардың ішіндегі жастардың біреуі болатын. Сол қыста осы бағыттағы жастар, елде «Алаш полкіне» деп жәрдем жинағанда, Ғаббас та бір топты басқарып, қанша жәрдем жинай алғанын Алашорданың Семейде шығатын газеті «Сарыарқаға» жариялаған. Омбыда болатын жиналыстарда, Ғаббас Алашорданы мадақтайтындардың біреуі де. Сырт естуімізше, ол Садуақас Тоғжанов дейтін ауылдағы атақты байдың баласы. Сол хабар рас болып, Ғаббастың әкесі Садуақас 1928 жылы, үкіметтің ерекше декретімен мал-мүлкі көмекселенген бес жүз семьялы қазақ байларының тізіміне кірді.

Сібірде, оның бір бөлшегі Ақмола губерниясында Совет өкіметі орнаған шақта, Ғаббас Тоғжанов Коммунист партиясының қатарына кірді де, Батысшібірлік ревкомның инспекторы болып шыға келді. «Білеміз» дегендердің айтуынша, Ғаббас партияға өткен күз Алашорда партиясының председателі Әлихан Бөкейханов Қарқаралыда өткізген мәжілісте «енді алашшыл жастарға коммунист болудан басқа, советті іштен шіріту амалына кірісуден басқа жол қалған жоқ» деген ұран тастағаннан кейін кірген.

«Бізді қапшыққа жасыра алмайсың» деген орыс мақалы сияқты, Тоғжанов «коммунистігінің» алғашқы бірер жылында советшіл болып жүрді де, одан кейін, Қызылжарда шығатын «Бостандық туы» газетіне ұлтшылдық мазмұнда бірнеше мақала жазды. Сол қылығы үшін, жергілікті партия ұйымдары қудалай бастаған соң 1922 жылдың күзі болу керек, Ғаббас Москва кетіп, ондағы Плеханов атындағы экономикалық институтқа түсті. 1924 жылдың аяғында Москваға барған шағымда, Ғаббастың институтты бітіруге жақындап жүрі, әрі ЦК РКП(б)-ның баспасөз бөлімінде қызмет істеуі жоғарыда айтылды. Менің «Шығыс» баспасына ұсынған өлеңдер жинағымының қолжазбасына Ғаббастың дұрыс рецензия жазуын да оқушыларға жоғарыда ескерттім.

«Еңбекші қазаққа» редактор болып келген Ғаббас, алғашқы кезде маған нашар көзқарасын өзгертпеген қалпын байқатты.

Оның сипаттауынша, қазақ совет жазушыларының ішінде, пролетариаттық идеологияға ең жақыны – менмін. Ол осы пікірін келер жылы «Әдебиет мәселелері» деген атпен шығарған

кітабында да дәлелдеуге тырысты.

Маған солайша қарайтын Ғаббас, Сәкенге алғашқы адымнан-ақ қырын келді. Осы себепін тауып жиналыстарда да, баспасөз бетінде де Сәкенге қарсы науқан ашуға кірісті. Сәкенді біржақты кінәлаған мақалаларды «Еңбекші қазаққа» бастыруға мен қарсы келе берген соң, Ғаббас орыс тілінде шығатын республикалық газет «Советская степьті» пайдаланып, біразын сонда бастыратын болды. Сәкен де қарап жатпай, сол газеттің бетінде «Идеология майданындағы жаңарған ұлтшылдық» («Неонационализм на идеологическом фронте») деген мақала жариялады. Онысы рас та еді, мақалаларында, сөздерінде Коммунистік партияның тонын жамыла кететін Ғаббастың, ішкі мазмұнында садуақасовшылықтан айырмасы азғана болатын. Ол да «қазаққа тап бар», «тап күресі бар» деген сөзді бүркемелей айтып, марксизмді бұл жөнде ашық жақтай қоймайтын.

Ғаббас Тоғжановтың осындай бағыт ұстауын Сәкен де, оның сенімді достары да күнбұрын болжаған еді. Елден Қызылордаға келген күндерінің біреуінде, Сәкеннің үйіне бара қалсам, Тұрар Рысқұлов отыр екен. Ол екеуінің революция жылдарынан достас, пікірлес екендіктерін білем. Ғаббастан бұрын «Еңбекші қазақ» газетіне Тұрардың аз уақыт редактор болуы жоғарыда айтылған. Жаңа редактор туралы Сәкен мен оның болжалы: «көн құрысса қалыбына барады», жақын арада ғана алашордашыл болған байдың баласы қазір тырнағын басқарушы қызметкерлерден арқа тіреу еткен адамдары үшеу болды: Совнарком председателі - Нығмет Нұрмақов, Крайкомның ұйымдастыру бөліміне меңгеруші болған - Ораз Исаев және Ғаббас Тоғжанов. Қазақстанға өзі келгенге дейін, яғни 1925 жылға дейін «бұл елде советтік құрылыс болған жоқ» деген қате теорияны іске асырмақ болған Голощекин, осы мәселеде бас «теоретик» қып Ғаббасты ұстады. Ғаббастың ықпалымен, Сәкенді ол да жек көрді, сонысын байқаған Сәкен, Қазақстанда жеті-сегіз жыл басшылық еткен Голощекинге бір рет те барып жолыққан кісі емес.

Осы кеңестің үстінде және одан кейін жолыққан шақтарда, мен Тұрар Рысқұловтың табанды большевик екендігін көрдім. Қызылордадан Москваға көшкенде, ол Мұратовке көшесіндегі 19-санды пәтерін маған беріп кетті. Мен Тұрармен одан кейін де жолығып жүрдім, әсіресе 1930-35 жылдары Москвада оқыған шағымда. Ол жайға кейін толығырақ тоқталам.

Крайкомның секретары - Голощекиннің республикалық басқарушы қызметкерлерден арқа тіреу еткен адамдары үшеу болды: Совнарком председателі - Нығмет Нұрмақов, Крайкомның ұйымдастыру бөліміне меңгеруші болған - Ораз Исаев және Ғаббас Тоғжанов. Қазақстанға өзі келгенге дейін, яғни 1925 жылға дейін «бұл елде советтік құрылыс болған жоқ» деген қате теорияны іске асырмақ болған Голощекин, осы мәселеде бас «теоретик» қып Ғаббасты ұстады. Ғаббастың ықпалымен, Сәкенді ол да жек көрді, сонысын байқаған Сәкен, Қазақстанда жеті-сегіз жыл басшылық еткен Голощекинге бір рет те барып жолыққан кісі емес.

Бейімбет Майлин туралы аз сөз. ҚазАПП-ты ұйымдастырушылардың, оның құрамына қол қоюшылардың бірі болғаны жоғарыда айтылды.

Орынборлық дәуірде де көріп, істес болып жүргенмен, Бейімбетті менің жақын тануым - Қызылорда дәуірі. Мен Қызылордаға 1926 жылы келсем, Бейімбет Қызылордаға өткен жылы

республикалық мекемелермен бірге көшіп, орнығып қалған екен. Оның қазірде көзі тірі әйелі Құлжамал, ол кезде жақ келіншек: ауылда туып-өскен, газет оқырлық қана сауатты, мінезі ақжарқын, «қазақ» аталатын бұл әйелді, Бейімбет Қостанайдағы туған елінен, Қызылордаға келе алдырыпты. Бірер баланың анасы болып қалған Құлжамал, қазақы жеңге ретінде ойын-күлкіге де жақсы, дастарқаны да кең, асы да мол, сондықтан Бейімбет тұратын пәтер күн сайынғы қонақтан арылмайды. Газет, журналдарда өлеңдері, фельетондары, очерктері жиі басылатын, өлеңдерінің және әңгімелерінің жинақтары көлемді кітап болып басылған Бейімбет, қаражат жағынан мол тұрады. Сондықтан Қызылорданың бағасы арзан қойынан (үш сомнан бес сомға дейін), Бейімбеттің үйі күнара біреуін сояды деуге болады. Күн сайынғы мол қонақ, ол қойдың етін бір асқаннан қалдырмайды. Ет пен қымыздан, бауырсақтан басқа тамақ ол кездегі қазақ қызметкерлерінің үйінде қолданылмайды. Бейімбеттің өзі сырашылдау кісі. Егер қостаушылар болса, қымыз орнына сыраны сіміреді де отырады. Жасау-жиһазды Бейімбет үйі жинаған емес. Төсек-орыннан басқа жалғыз мүлік - Құлжамалдың төркіні берген, орта мөлшерлі, әдемі түкті кілем. Бірер қорваттан басқа мебель оның үйінде болмайды. Асты жерге жайған дастарханда ішеді. Ыдыс-аяқтары да жобалғы. Бейімбеттің өзі қалаша, бірсыдырғы тәуір киінеді. Құлжамал қазақшылдау, сыпайы ғана киінеді.

Бейімбет «Еңбекші қазаққа» редактордың орынбасары болып қызмет істейді. Ол күшті журналист. Газетке өлеңдер, оқшаулар жазуды 1914 жылдан бастаған, советтік дәуірдің алғашқы бес-алты жылында Қостанайда шығатын «Ауыл» газеті мен Орынборда шығатын «Еңбекші қазақ» газетінде кезекпен қызмет атқарған, сол кезде Қазақстанда шығатын «Қызыл Қазақстан», «Әйел теңдігі», «Лениншіл жас» журналдарының бәрінде де өлең, әңгімелерін оқушыларына үздіксіз жариялайтын ол, мерзімді баспасөздің ісіне мейлінше көңілгерленіп алған кісі. Оның денсаулығы күшті болатын, сондықтан ара-тұра мызғып алғанда, немесе тамақ ішкенде болмаса, уақытының көбін жазуға жұмсап, күні-түні отыра беруге ерінбейтін. Кейде серуендеп жүріп, түн ортасы, таңға жақын, таң атқанда... мезгілдерде пәтерінің қасынан өте берсең, терезесінен шаманың жарығы жылтырап тұратын. Қызылорданың жазғы тишу күндерінде, бөлмесінде пысынап отырғандар (ол тершең болатын, әсіресе таңқалуға ішкен мұрнының ұшы қоныржай уақытта да тепшуден арылмайтын), терезесін ашпайтын, себебі - ол «жеті қорқақтың бірі» де: қараңғы уақыттарда жалғыз жүрмейтін; «түнде пәтерінен тысқа шықса, тапаншасын қолына ала шығады» деген сөз болатын; «бір сәтте (Алматыда), жарық айлы түнде тысқа шығып, қораның ар жағынан көлеңкесі көрінген өз сиырына мылтық атты» деген қалжың болатын; тағы бір сәтте (Қызылордада), үйіне келген азғана қонағымен, түнгі мезгілде терезесін ашып қойып, Бейімбет карта ойнап отырса, сырттан өлдене бір жас жігіт терезе табалдырығына қарғып шығады да, қолын қалтасына салып, «тез қашыңдар, айтпесе атам!» дейді, Бейімбет қора жаққа тура

қашқанда, қонақтары да оған ере шығып, ұры бос қалған бөлмеге кіреді де өлдене киімді құшақтап алып кетеді. Содан бері, түнгі мезгілде терезе ашуды Бейімбет мүлдем қояды.

Бейімбеттің кеңседен кабинетіне, пәтеріндегі жұмыс бөлмесіне ерте бар, кеш бар, оны үнемі жазу үстінде жолықтар ең. Оның сыраға құмарлығын жоғарыда айттық. Кеңседе отырған шақтарында, ол жақын арадағы сыраханға өлсін-өлсін барып, сусынын қандырып келетін, ал пәтеріндегі жазу столынан сыраға толы графин үзілмейтін. Ол қоңыр өңді, жиі бұжырлық үстіңгі еті томпақ, таңқы мұрны қайқылау, төменгі ерні салпылау, кескінсіздеу жігіт болатын. Тістері сарғылттау да. Оны «көп тартатын шылымның ысынан» дейтін. Шашы көмірдей қара және бұйралуа болатын. Оны дударландыра, ұзын ғып өсіретін. Жазумен шұғылданған шақтарында, Бейімбет қаламды оң қолымен жүргізіп, сол қолымен маңдай шашын бұрап отыратын, шылымды үздіксіз тартып, бірінен соң бірін тұтататын. Пәтерінде жазып отырғанда, стаканға құйған сыраны өлсін-өлсін ұрттай беретін. Басқа бап тілемейтін. Жұмысының көптілігі және өнімділігі жағынан Бейімбетке теңдесетін қазақ жазушысы, әсіресе журналисті аз болатын. Бейімбет сұлу жазатын адам да және өте жылдам жазатын, жазғанын қайта көшіретін әдет онда жоқ та. Түзетуі де аз жасайтын. Қазақ грамматикасына ол жүйрік те. Орысшаны шалағай білетін. Жазудан шаршаңқыраған кезде, негізгі ермегі екеу болатын: бірінші - балаларымен ойнау (ол өте балақанды адам да), екінші - жастыққа шалқасынан жатып, домбыра тартып, баяу дауыспен өлең айту. Домбыраны ол Қостанай салтымен төлеп, соққылай тартатын. Қоңыр үнмен өлеңді де жап-жақсы айтады. Сонда көбірек айтары: Қостанайдың төл әні «Уғай-ай» мен Балуан Шолақтың «Ғалиясының» бір түрі. Бұл түрді Бейімбеттен басқа кісіден естіген емен.

Идеологиялық жағынан Бейімбет жазушылық өмірбаянының алғашқы адымынан-ақ кедейшіл демократ. Бұлай болуы жалпы өмірбаянына байланысты. Өзінің және оны білетіндердің айтуынша, Бейімбет қазіргі Қостанай облысының «Таран» аталатын ауданында, Аят өзенінің жағасында, «Шаңқан» аталатын төбенің етегінде туған. Кейін оның бір псевдонимі «Шаңқан» болуы содан көрінеді. Бейімбеттің әкесі Жармағамбет Майлыұлы аңшылықпен күнелтетін жарлы жігіт екен. Бейімбет әкесінің он тоғыз жасында туады. Баласына алты ай толғанда Жармағамбет өледі. Елдің аңызында, аңшы Жармағамбет ақуды атып алады да, «қасиетті құстың кепілетінен өледі». Бейімбеттің жастай қалған шешесі (атын ұмыттым) Жармағамбеттің Бақберген есімді інісіне қосылады. Одан басқа Байжан деген де інісі болады. Күнкеріні нашар Жармағамбеттің інілері еліндегі Мұқамжар деген байға жалданып, революцияға дейінгі өмірлерін соның есігінде өткізеді. Бейімбеттің шешесі сол байдың сауыншысы болады. Бейімбет те бала шағында осы байдың қой-қозысын бағатын малайы (жалшысы) болады. Кейін оның псевдонимі «Малай» болуы содан екен.

(Басы өткен нөмірде. Жалғасы бар)

ҚОСЫМ ҚОЖА КІМ?

«Өткеннің парқын танымай тұрып, бүгін мен болашақты дұрыс бағайлауға болмайды». Ақселеу Сейдімбек.

Қосым қожа, Манақ батыр немесе керейт руының тарихына қатысты жаңа деректер

Кіші жүздің жетіру рулар бірлестігіне қатысты «Билік тамада болар, батырлық табында болар, пірлік керейтте болар, ақындықпен жырғаулықкердеріде болар, рамадан мен тілеуде аңшылық болар» - деген бабаларымыз. Заманында керейт руынан небір абыздар, әулие-әмбе, ахундар шыққан. Керейт руын «Жеті өлікке жан берген», ал оның бір тармағын керейт қожа, кіші жүздің қожасы деп жатады. Осы ұғымдардың барлығы осы қожа керейт аталығынан шыққан үш жүзге пір болған Сопы-Әзиз Жәдікұлы Мүсірәлімен, оның ұлы Қосым ұлымен тікелей байланысты. Жалпы Мүсірәлі баба туралы БАҚ-тарда, әлеуметтік желілерде көптеген мақалалар жарияланды, бірақ бұл мақалалар халық аузында атадан балаға қалдырылған.

Қосым қожа бабамыз туралы бұрын жарияланбаған тың деректерді жариялауды жөн көрдім. Қазіргі қазақ тарихының жаңа жас толқын тарихшы-зерттеуші Радик Темірғалиев есімді қарағандылық бауырымыз «Тамға қазақ руларының тарихы» атты еңбегінде керейт руы мен ол рудан шыққан тарихи тұлғаларға қатысты біршама деректер жарияланған.

Бұл еңбектегі деректерге сәйкес Шыңғыс хан заманында мықты, белгілі, іргелі, саны көп ел болып саналған керейттердің жарықшағы, бір бөлігінің Ноғай Ордасы ыдырағаннан кейін қазақ халқы құрамына қосылғандығы белгілі.

Шежіреге сәйкес керейт руының тарихи руға ұран болған Ақсақалдан бастау алады. 1701 жылы Ресей империясында Ремезовпен сызылған картада қазіргі Ақтөбе облысы аумағында Ақсақал иелігі көрсетілген. Автордың пікірі бойынша ол жер қазақтың керейт руына тиесілі болған.

Замандастары мен ұрпақтары алдында XVII ғасырдың екінші жартысында керейт руын құрушы, рудың бастамасы болған Ақсақалдан ел алдындағы абыройы мен атағы жағынан асып кетпегенмен, онымен бір қатарда тұрған кіші жүздің рухани басшысы, пірі Жәдікұлы Мүсірәлінің аты бүкіл қазақ даласына белгілі. Шыңғысханды Мүсірәлі бабамыз кіші жүздің гана емес, бүкіл қазақтың үш жүзінің пірі, рухани көшбасшысы еді. Ол туралы халық аузында адам баласы сенбейтін ертегіге ұқсас аңыздар сақталған. Оның үш жүзден жиналған әулие-әмбе, көріпкелдер арасында Түркістанда өткізілген сынақта жеті өлікті тіріліп, жұртты шулатқанын өзі не тұрады... Әрине қазіргі ғылым бойынша өлген адамды қайта тірілту мүмкін емес, мүмкін бабамыз өлейін деп жатқан адамдарды тіріліп, ел есінде қалған болар... Бастысы Мүсірәлінің адам ойына келмейтін, адам сенбейтін таңқаларлық нәрселерді істеумен халық есінде қалғаны және оның әулиелік қасиетіне елдің сенгені. Сондықтан да Мүсірәлі, оның ұлы Қосым қожалардың ұрпақтары халық арасында қожа атанды. Қара халықтың ақүйек атануы қазақ халқы тарихында сирек кездесетін жайт. Бұл керейттердің бүгінгі ұрпақтарының ұрпаққа қожа атанып кетуіне негіз болды.

1731 жылы Әбілқайыр хан бастаған кіші жүз өкілдері Ресей императоры Анна Иоанн қызына қарамағына кіріп, адал болуға ант берді. Керейт руынан бұл шараға қатысып, ант бергендер ішінде Мүсірәлі қожа ұлы Шүкірәлі қожаның болғандығы ресми құжаттарда тіркелген. Бірақ автордың көрсетуі бойынша бұдан әрі Мүсірәлі ұрпақтары өздеріне белгілі себептермен А.Тевкелев бастаған қазақ еліне ағыла бастаған Ресей билігі өкілдерімен кездесуден, Ресей алдында бодандыққа апаратын бірлескен іс-шаралардан өздерін аулақ ұстаған. Бұл Ресей жағының хабарлама, баянаттарында керейттер туралы деректердің көп жинақталмағанымен дәлелденеді.

Мүсірәлі қожадан кейін Қосым қожа кіші жүздің пірі болды. Нұралы ханның хатшысы Әлмұхамет Ресей билік өкілдеріне жазған хатында ол туралы: «...Өз елінде Мүсірәлі қожаұлы Қосым қожа сөзіне берік кісі және оның ақыл-кеңестері салмақты» деп көрсетеді. 1748 жылдың күзінде сұлтан Нұралының хан болып сайланған құрылтайында Қосым қожа Әбілқайыр ханның отбасын қолдады. Алайда, Әбілқайыр хан ұрпағын қолдап, құрылтайға қатысқан Қосым қожа Ресей императоры Елизаветаға Нұралы сұлтанды хан қылып бекіту туралы жазылған хатқа қол қойудан бас тартады. Мүсірәлі қожаның ұрпақтарының қазақ қоғамындағы беделділігін Нұралы ханның А.Тевкелевке жазған хатынан байқауға болады. Хан: «...Қосым қожаның ағасы Сауранбай қаза болды, оның мүрдесі жерлеуге Түркістанға жөнелтілді. Сауранбай қожаның мүрдесін Түркістанға Қожа Ахмет Яссауи кешеніне жерлеуге ханның өзі көшті басқарып барған. Бірақ, автордың көрсетуі бойынша осы шарадан кейін Нұралы хан мен Қосым қожа шексіз қалған.

1753 жылы екі хан әулеті, Әбілқайыр хан ұлдары мен Батыр хан, оның ұлы Хиуа ханы Қайып хан арасындағы бұрынғы бақталастық қайта тұтанады. Сол жылдың тамыз айында Қосым қожа Сауранбай ағасына ас береді. Қазақта ас пен тойларды әртүрлі мәселелер бойынша келіссөздер жүргізу алаңына пайдаланғаны белгілі. Қосым қожа сол аста жаулаққан екі хан әулеттерін татуластыруды ойлайды. Бірақ, асқа тек Батыр хан келеді, ал Нұралы хан бірнеше рет шақырылғанына қарамастан асқа келмейді.

25 тамызда Нұралы хан Хиуа хандығына соғыс жариялап Ресей билігінен 10 мың солдат пен зеңбіректер сұрап, Хиуа хандығын бір күнде жаулап алатындығын хабарлайды. Әрине қазақ хандарының Ресейге әскери күш сұраған басқа өтініштері сияқты бұл өтініш те аяқсыз қалады. Бірақ, жоспарларында Хиуа хандығын жаулап алу бұрыннан бар және жаңа мемлекетті бақылау үшін Қайып ханды өздерінің айтқанынан шықпайтын Әбілқайыр хан ұрпақтарымен ауыстыру Ресей билігін ойландырып тастайды.

1755 жылы Ресей үкіметі Нұралы хан мен оның ағайындарына Хиуа хандығын өз күштерімен жаулап алуын қолдайтынын хабарлайды. Ералы

сұлтанның өзінің тұтқынға түскен күнде Ресей тарапынан оны құтқаруға іс-шаралар қабылданатын болса Хиуаға қарсы соғысқа дайын екендігін естіген Ресей билігі оған келісімін береді. Ресей империясы Әбілқайыр ханның ұлдары Хиуаны бағындырғаннан кейін екі ел арасындағы сауда-саттықтан көп ұтатын еді. Алайда, бұл әскери шара басталмай жатып аяқталады. Орынбордан кіші жүз ордасына жіберілген капитан князь Максютовтың хабарлауына Нұралы хан мен оның ағайындарының Хиуаға соғыс ашу үшін шақырған халық жиыны тарапынан қолдау тапқанмен бата сұрай барған бір әулие қожа соғыс қимылдарына қатаң түрде тыйым салған. Белгілі Ресей мемлекеттік қайраткері, сенатор, тарихшы, жазушы, этнограф А.Левшин: «...олар қожаның айтқанын істеп, соғыс ашу ойынан бас тартқан. А.Левшин атын көрсетпеген қожаның Қосым қожа екеніне ешкім күмәнданбайтын шығар. Өйткені деректерге сәйкес ол кезде Қосым қожа бұл дүниеде бар және кіші жүзде пір, қожа ролін атқарған, басқа кісілер туралы айтылмайды. Қосым қожа бабамыз екі хан әулеттерін татуластыра алмады. Бірақ, өзінің халық алдындағы абыройының арқасында бір өзі, екі бауыр, мұсылман халқының қандарының төгілуіне жол бермей Ресей үкіметінің кіші жүз хандығын көрші хандыққа соғыс ашып, айдап салу жоспарын жүзеге асырмай тастады.

Әрмен қарай Нұралы хан мен Қосым қожа арасындағы кикілжің аяқталмай, шиелінісе түседі. Сол 1755 жылы Ресей патшасына қарсы сөтсіз күрестен кейін қазақ жеріне жазадан қашып ондаған мың башқұрт көтерілісшілері пана сұрап келеді. Қазақтың табын, тама, жағалбайлы руының адамдары өздеріне баслана, көмек сұрап келген башқұрт халқы құрамындағы табын, тама, жағалбайлыларға ара түсіп, Ресейдің талап етуімен келген хан сарбаздарына оларды беруден бас тартады. Бірақ, олардың кейбіреулері кейін бәрібір хан құрығына ілінеді. Естектердің сол ұрпақтары қазір еліміздің батыс өңірінде тұрып жатыр. Нұралы хан сарбаздары сол башқұрттар мен оларға баслана берген Жетіру қазақтары шабуылға ұшыратты. Ханның бұл әрекеті Қосым қожа тарапынан қарсылыққа ұшырады. Пір: «...бұл естектер (башқұрттарды қазақтар солай атаған) біздің қандастар, мұсылмандар, орыстардың оларда қандай шаруасы бар. Бұл естектердің біреуін де біз жауға бермейміз. Хиуа, Бұқара, Түркімен мен қарақалпақтар маған қарасты өңір, оларда алты сан рулар болды. Біз қазақ жеріне Алла жіберген қалмақтарды, қарақалпақтарды, түркімендер мен естектерді оларға неге береміз керек?»-деп ханына қатысып отырған ағайындарға қарап: – Бұл естектерді тонамаңдар, өлтірмеңдер, қудалаушыларға тапсырмандар, егерде оларға тапсырсаңдар, онда имансыз боласыздар» деген. Бірақ, Қосым қожа бұл жолы Ресей билігінің бұйрығын орындауға жан төнімен кіріскен Нұралы ханды тоқтата алмады.

Қосым қожаның Хиуамен соғысқа қарсы шығуы, башқұрттарға ара түсуі оның билікке саясатының, көзқарасының қандай екенін білдіреді. Оның әрекеттеріне кеңес үкіметі «панторкизм», «панисламизм» идеясын қолдаушы, жақтаушы деп баға беретін еді. Пірдің бауыр халықтар тұрып жатқан Орталық Азияны өзіне қарасты өңір деп жариялауына қарағанда оның сол аумақта белгілі болғандығын және діни ұйымдар арасында абыройлы екенін білдірсе керек. Мұсылман елдерінде үйіне қонаққа келген немесе баслана, көмек сұрап келген адамды кек алу үшін қудалап келген адамдарға бермеу, қонақ үйінде, сол ауылда болған кезде оның басынан шаш түсірмеу, қорғау сияқты жазылмаған заң сақталған. Қонақ үйінен, ауылдан шыққасын әрмен қарай оның өміріне үй иесі жауап бермейтін болған.

Автордың зерттеуі бойынша Қосым қожамен тіл табыса алмаған Нұралы хан кейін оның балаларын өзіне жақындата алған. 1770 жылы Нұралы ханның Екатерина II-ге жазған хатында: «Намдұт-Қосым қожаның ұлдары Садыр қожа мен Бекқожа өзіне жақын адамдар» дейді. Бұл жерде Қосым қожаның ағасы ретінде көрсетілген Намдұт есімі басқа деректерде кездеспейді. 1771 жылы Нұралы хан генерал-майор Рейнсдорпка арнап жазған хатында Қосым қожаның тағы бір ұлы Абзал қожаның атын атаған. Керейт шежіресінде оның есімі Әбжал деп көрсетілген. Кейінгі зерттеулерде ол XIX-ғасырдағы қазақтың пірі болған Әбдіжәлел Абдул-Жалил деп көрсетілген. Алайда, оның ұрпақтары өз шежірелерінде Мүсірәлі қожаны да, Қосым қожаны да бабалары ретінде көрсетпей, өздерін Қорасан қожа ұрпақтары ретінде көрсеткен.

Р.Темірғалиев кітабында Мүсірәлі мен Қосым қожа бабаларымыздан басқа керейт руы туралы басқа да бірқатар деректер берілген. Автордың пікірінше керейттердің 300 отбасысы Сыр өзені мен Арал теңізінің жағасында, Барсұқ мекені жанында көшіп жүрген. Белгілі Ресей әскери топографы, генерал-лейтенант И.Бларамбергтің деректері бойынша 12 бөлімнен тұратын керейт руының қыстаулары Сырдария, Қуандария өзендері мен Арғынқалған мекені арасында, жазғы жайлау бағыты Троицке дейін созылған. Осы деректер белгілі Ресей топографы этнографы, тарихшысы, Бас штаб офицері Л.Мейер керейт руының Сырдария, Жамандария (Жаңадария) мен Қуандария арасында Хиуа бекінісі Хожанияз жанында егін егумен айналысқаны туралы жазған.

Орынбор губернаторы Волконскийдің тапсырмасы бойынша әзірленген жазбаға сәйкес керейттер 12 бөлімнен тұрған, жалпы саны 4 мың отбасыны құраған. Жазғы жайлаулары Қарақұмның солтүстігінде Ырғыздан Қарашатауға (мүмкін Қаратау) дейін, қыстаулары Сырдарияның оңтүстігінде Жаңадарияға дейін созылып жатыр. Ол кезде керейттің біі Манақ би мен Қосқұлақ би болған. Белгілі Ресей зерттеушісі, Бас штабының полковнигі Я.Гавердовский осы деректерді қайта-

лап, керейттердің Бұқарамен сауда-саттық жасайтынын және сауда керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етумен айналысатынын көрсеткен.

Жоғарыда көрсетілген Манақ би өз заманының белгілі тұлғасы болған. Ол туралы халық арасында жақсы естеліктер сақталған. Оның ұлы Байболсын да халық арасында абыройлы болған. Ресей деректерінде Байболсынның Досжан батырмен арадағы қақтығысы туралы деректер сақталған. 1857 жылдың қыркүйек айында патша чиновнигі, кеңесші Осмоловский: «...керейт руының Жартай бөлімінің қарулы 20 қырғыз Байболсын Манақовтың башылығымен өткен айда өзінің туысын өлтірген Досжан Жантуғанға барып оны тұтқындамақ болған». Кітапта Досжанның қандай руға тиесілі екені және олардың арасындағы жанжалдың немен аяқталғаны туралы көрсетілмеген.

Қыстаулары оңтүстікте орналасқан қазақтың басқа ру-тайпалары сияқты керейттер Хиуа хандығына бағынышты болды. Қазақ даласының оңтүстігіндегі кіші жүз жерінің Ресей империясына бағындырылғаннан кейін XIX-ғасырдың 50 жылдары керейт руының билеушісі Берді Сеңгіров болды.

1864 жылы Ресей әскерлерінің Түркістан жорығына қатысқан керейт руының бірқатар өкілдері марапаттарға ие болған. Олардың ішінде Дарқамбай Мұртазалын (жартай), Ербатыр Аманжолов (жартай), Аманжол Бекбергенов (бижан), Оразалы Құлбаев (бижан).. Бұл қазақ даласы мен қалаларын Қоқан билігінен босату барысындағы Ресей әскерлерінің жорығы еді.

Н.Масановтың пікірінше XX-ғасырдың басында керейт руының саны 15-20 мың адамды құраған. А.Темірғалиевтің деректері бойынша 1911 ж. керейттер саны 12 мыңды құраған. Олардың басым көпшілігі (8,2 мың) Перовск уезі аумағын мекендеген. Қазақтардың көшу процесі кезіндегі жүргізілген санақта алшақтық болуы да мүмкін. Сондықтан бұл сандар күмән туғызуы мүмкін.

Уикипедия-ашық энциклопедияға сәйкес Мүсірәлі Жәдікұлы, Әжіқожа Мүсірәлі сопы әзиз, (17 ғасырдың екінші жартысы-18 ғасырдың басы) Үш жүздің пірі, діни қайраткер, әулие. Керейт руынан шыққан діндар, сопылығы мен тақуалығына орай Әжіқожа, ал оның ұрпақтары керейт қожа аталып кеткен. 1680 жылы Күлтөбеде Тәуекен хан сайлағаннан кейін қазақ билері Мүсірәлінің үш жүзге ортақ пір етіп жариялайды. Есіміне сопы әзиз атағы қосылады. Мүсірәлі қазақ халқының әдет-жосындарының жиынтығы «Жеті жарғыны» әзірлеуге қатысты деген деректер кездеседі. Мүсірәлінің 6 баласының бірі Қосымқожа да, оның ұлы Әбужәлел де пір болған.

Қосым қожа Мүсірәліұлы- (1710 ж.т.-1780 ж.в.)- діни қайраткер. Сыр өңірінде туып өскен. Кіші жүздің керейт руынан шыққан. Әкесі үш жүздегі пір сайланған. Қосым қожа Сыр бойы мен қарақалпақ еліне ислам дінін уағыздаушылардың бірі болған.

Хұсайын Асанұлы ҚОРАЗБАЕВ
Полковник, журналист. ОПД –нің бөлім басшысы.
Ақпарат саласының үздігі.

ҚЫСҚЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНА КІМДЕР БАРАДЫ?

Биылғы 2025 жылдың 7-14 ақпаны аралығында Қытай Халық Республикасының Харбин және Ябули қалаларында IX қысқы Азия ойындары өтеді. Қысқы Азия ойындарының бағдарламасына: коньки спорты, биатлон, керлинг, шаңғы спорттары, шайбалы хоккей, ски-альпинизм кіреді. Жалпы бағдарламада: конькимен жүгіру спорты, шорт-трек, мәнерлеп сырғанау, биатлон, керлинг, шаңғы жарыстары, тау шаңғысы, фристайл, сноуборд, ски-альпинизм, шайбалы хоккей қамтылған. Ойындарға Азияның 32 елінен мыңнан астам спортшы қатысып, 64 медаль жиынтығы сарапка салынады деп күтілуде.

Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосыновтың мәлімдеуінше, Қазақстан құрамасы жарыстарға 6 спорт түрінен, 10 дисциплина бойынша қатысады. Команданың құрамында 138 спортшы бар. Олар 51 медаль үшін күреседе.

Харбинге баратын делегацияның жартысынан астамы Астана, Алматы қалаларынан және Шығыс Қазақстан облысынан шыққан спортшылар. Ойындарға сапалы дайындық үшін ұлттық құрама 137 оқу-жаттығу жиынын өткізді. Сонымен қатар, спортшылар 86 халықаралық жарысқа қатысып, онда 33 медаль жеңіп алған.

Азия ойындарына шығарып салу рәсімі 30 қаңтар күні Астана қаласындағы «Қазақстан» жеңіл атлетика спорт кешенінде өткізу жоспарланып отыр.

Үміткерлер арасында жоғары спорттық жетістіктер мен мүмкіндіктерге ие спортшылар бар. Биатлоннан: 2023 жылғы қысқы Универсиаданың жүлдегері ақмодалық Александр Мухин және 2019 жылғы Уни-

версиаданың екі дүркін жүлдегері алматылық Әсет Дүйсенов, шаңғы жарыстарынан: 2023 жылғы Универсиаданың қола жүлдегері ақмодалық Надежда Степашкина, конькимен жүгіру спортынан: 2023 жылғы 4 континент жеңімпазы Солтүстік Қазақстан облысынан Надежда Морозова, 2023 жылғы жастар арасындағы Әлем кубогының күміс жүлдегері астаналық Алтай Жәрдембекулы), шорт-тректен: Азия ойындарының қола жүлдегері және Олимпиада қатысушысы астаналық Абзал Әжғалиев, 2024 жылғы әлем чемпионатының күміс жүлдегері ақмодалық Денис Никиша, фристайл-акробатикадан айтарлықтай келешегі бар спортшылар: 2023 жылғы Еуропа кубогы кезеңінің жеңімпазы шымкенттік Шерзод Хаширбаев, 2023 жылғы Еуропа кубогының қола жүлдегері шымкенттік Аяна Жолдас, сонымен қатар 2024 жылғы Азия чемпиондары – шайбалы хоккейден ерлер құрамасы қатысады.

Қазақстан Республикасының хоккейден спорт шебері, жастар арасындағы әлем чемпионатының қола жүлдегері және жеңімпазы Әділ Бекетаев пен шорт-тректен халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 2017 жылы өткен Азия ойындарының қола жүлдегері, сондай-ақ Дүниежүзілік Универсиада жүлдегері Ольга Тихонова Азия ойындарындағы ту ұстаушылар болып бекітілген. Спорттық киім үлгісі Азия ойындарының ұйымдастыру комитетімен келісілген, оны дайындауда халықаралық стандарттар мен ұлттық талаптар сақталған.

Спорт киімдері үшін жоғары терморегуляциялық қасиеттерге ие табиғи материалдар пайдаланылған. Киім тігу толығымен демеушілік қаражат есебінен жүзеге асырылған.

Қысқы Азия ойындарының салтанатты ашылу рәсімі 7 ақпанда Харбиндегі Harbin International Convention and Exhibition Centre Stadium спорт нысанында өтеді. Жабалу рәсімі 14 ақпанда жоспарланған.

АЛҒАШ РЕТ БАУЫР АУЫСТЫРДЫҚ...

Сыр медицинасының тарихында айтулы күн болды.

Аймағымызда алғаш рет бауыр ауыстыру отасы жасалды. Көпбейінді облыстық ауруханада 40 жастағы еңбекке қабілетті пациентке жасалған бауыр трансплантациясы отасы сәтті аяқталды. Донор – 1993 жылы дүниеге келген пациенттің туысы. Тоғыз жылдан бері бауыр циррозы дертіне шалдығып, емі нәтижесіз болған науқас үшін бұл көптен күткен қуаныш.

Он сағатқа созылған ота сәтті өтті. Қазіргі уақытта ем алушы бұрынғы өміріне оралды десек болады, яғни емделуге тәуелділік, уақыт пен тамақтануға байланысты шектеулерден босап, жұмыс істеуге және белсенді өмір салтын ұстануға толыққанды мүмкіндік алды.

Трансплантацияның Қызылордада жасалуына А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығының басқарма төрағасы, медицина ғылымдарының докторы, профессор, жоғары санатты дәрігер Баймаханов Болатбек Бимендіұлы жетекшілік ететін трансплантология қолдау білдіріп, арнайы келді.

Көпбейінді облыстық аурухана дәрігерлері де отаға қатысып, тәжірибе алмасты. Бауыр ауыстыру отасы алдағы жылдары да жалғастырылмақ. Бүгінде Қызылорда облысында 16 адам бауыр трансплантациясын жасатқан. Олардың денсаулығы жақсы.

Заманауи хирургияда донорлық бауырды сәтті трансплантациялау созылмалы, асқынған ауруы бар науқастарды қалпына келтіріп, олардың толықтай медициналық және әлеуметтік оңалуын қамтамасыз етеді.



2025 жылдың иесі Жыланды біле білеміз бе? Әрине көріп-біліп жүргеніміз бір-екеуі ғана болуы мүмкін. Негізі Әлемде жыланның төрт мыңға жуық түрі бар екен. Әрі оның көпшілігі қауіпті көрінеді. Дегенмен терілеріндегі өрнектері, түсі арқылы әр түрлі жыландардың бірі суда өмір сүрсе, енді бірі бұтақта, тағы бірі шөп арасында өмір сүреді екен. Соған орай аттары да әрқилы. Бүгін оқырмандар назарына солардың біршамасын ұсынып отырмыз.


ЖЫЛАН - ЖЫЛ АТЫ



Бирюза түсі - ең сұлуы



Калифорниялық қызыл бүйірлі орамды жылан



Бұтада тіршілік ететін тікенекті сұр жылан



Кемпірқосақ іспеттес жылан

УЫНЫҢ ЕМДІК ҚАСИЕТТЕРІ


Мысырлықтар жылан уынан түрлі дәрі-дәрмектерді жасауды ерте кезден білген. Қазіргі уақытта Мысырдағы Суэцк университетінде ұзақ, қажырлы еңбекпен жылан уының химиялық құрамы зерттеліп, таңғаларлық жаңалықтар ашылды. Жылан уынан жасалған дәрімен рақты, белсіздікті, қант диабетін емдеуге, қан тоқтатуға, қан қысымын қалыпқа келтіруге болады екен. Улы жыланның сілекей безінен бөлініп шығатын ақшыл сары не көкшіл түсті сұйықтың құрамы альбумин, глобулин, ферменттер, су, тұздардан тұрады. Жалпы, удың қасиеті жыланның түріне байланысты бөлінеді. Сұр жылан уында қанға әсер ететін геморрагин, көзілдірікті жылан уында жүйке жүйесіне әсер ететін нейротоксин болады. Жылан уынан кезінде кеңес медицинасы да май, сұйықтар түрінде дәрілер дайындаған. Ол дәрілер дәрігердің рұқсатымен қолқа демікпесін, ревматизм, артрит сияқты көптеген ауруларды емдеуге қолданады. Бір ескертетін жағдай, жылан уынан дайындалған дәрілерді туберкулез, бүйрек, бауыр аурулары бар адамдардың қолдануына болмайды.

Жылан уының емдік қасиеті XVII ғасырда белгілі болды. Франческо Реди деген адам мұны алғаш ашқан деген мәлімет бар. Ал жүз жылдан соң тағы бір итальяндық ғалым Фелисе Фонтане удың ұңғыл-шұңғылын зерттеп, адам ағзасына әсер ету механизмін түсіндірген. Бүгінгі медицинаның басты белгісі болған символ – тілін сумаңдатқан жіңішке жылан XVI ғасырдан бастап қолданысқа енген. Бұл символды кеңес елі де 1924 жылы түпкілікті мақұлдаған.

Жылан уына қатысты тағы бір жағымды жаңалық бар. Осыдан бірер жыл бұрын Новосибирскінің дәрігер-ғалымдары ішімдік десе елең ететіндер үшін баламалы суын жасауды қолға алыпты. Кәдімгі араққа жыланның уын қосады екен. Оның кереметі сонда, алкоголь адам ағзасына қауіп төндіретін қасиетінен айырылып қалады. Және “жылан арағын” ішкеннен адреналинді қоздыратын қуатқа еш залал келмейтін көрінеді.

Жалпы жыландардың денесі жұмыр және ұзындығы 8 см-ден 12 м-ге дейін жетеді. Денесін мүйізді қалқаншалар мен қабыршақтар, арқасы мен бүйірлерін ұзына бойы қатарласа орналасқан, ромбы тәрізді қабыршақтар жапқан. Бауыры көлденең жатқан ірі қалқаншалармен жабылған, олар бір-бірімен жұмсақ тері қатпарлармен жалғасқан. Ірі денелі жемтіктерді жұтқанда тері қатпарлары жазылып, құрсақ қалқаншаларының ұзына бойы созылуына мүмкіндік береді. Кездерінде қозғалмалы қабақтары болмайды, олар мөлдір қабықпен жабылған. Күндіз белсенді тіршілік ететін жыландардың көз қарашығы дөңгелек болса, ымыртта, түнде белсенді тіршілік ететіндерінде – тік бағытта орналасқан саңылау тәрізді.

Аяқтары жоқ, тек айдаһарда, ұршық тәрізді жыландарда, соқыр жыландарда, бұрме ауызды жыландардың кейбір түрлерінде ғана жамбас белдеуінің қалдығы мен артқы аяқтарының тырнақ тәрізді жұрнағы сақталған. Иық және жамбас белдеулерінің болмауына байланысты омыртқа жотасы бөлімдерге анық жіктелмеген: қысқа әрі жуан жыландарда омыртқасының саны – 141, ал ұзын әрі жіңішкелерінде 435-ке жетеді. Жыландар жылына 2 – 4 мәрте түлейді. Сыдырық (жыланның түлеген эпидермис қабығы) тұтастай түседі. Тіршілік ететін ортасына сәйкес реңі алуан түрлі келеді.



Ағашта тіршілік ететін «жұмақ» жыланы



Мүйізтұмсық-сұр жылан

Аустралия, Орталық Африка аборигендері, ежелгі грекиялық фессалияцтер, солтүстік америкалық үндістер өздерінің ата-тегін жыландар деп есептейді. Сондықтан бұл тайпалар жыланға аса құрметпен қарайды. Алайда бертіндегі ғалымдар мұны ежелгі тотемизмнен қалған сарқыншақ деп түсіндіреді. Қалай десек те, XVII ғасырда жыланға табыну фанаттық формада жүзеге асқаны шындық. Жыландар зәулім храмдарда тұрып, рахат ғұмыр кешкен. Ал көптеген африкалық тайпалар жыланға қызмет көрсетуді мәртебелі іс санаған. Оқыған абыздар белгілі бір мерзімде елді аралап 10-12 жасар қыздарды жыланға табынушылық құпияларына үйреткен. Жалпы, жылан туралы аңыз-әфсаналар өте көп.

Уикипедиядан

Жыландар Жер шарына кең тараған. Тек Антарктидада ғана кездеспейді, 3 мыңға жуық түрі белгілі.

Олар 12 тұқымдасқа бірігеді. Ең көбі сарыбас жыландар, олардың 1500-дей түрі бар.

Қазақстанда 5 тұқымдасқа жататын: соқырлар тұқымдасы (1 түрі); айдаһарлар тұқымдасы (2 түрі); сарыбас жыландар тәрізділер (12 түрі);

сұржыландар (2 түрі); бозша жыландардың (1 түрі) 18 түрі белгілі.

Жыландардың көпшілігі құрлықта, әдетте, қалың шөп өскен жерлерде, ағаш басында, шөлді аймақтарда, кейбір түрлері тұщы сулар мен теңіз-мұхиттарда тіршілік етеді.

Жыртқыш түрлері тышқантәрізділермен, бақалармен, омыртқасыздармен қоректенеді.



Көзілдірікті кеңалқымды жылан



Малайялық қызғылт-көк жылан

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 211 бұйрығы негізінде және Қызылорда облысы бойынша «Идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулары бар елді мекендер мен олардың құрамдас бөліктерін қайта атау жөніндегі 2022-2025 жылдарға арналған Жол картасына» сәйкес Белкөл кентіндегі құрамдас бөліктерге атау беру мақсатында көше тұрғындарының қатысуымен өткен жиналыстың ХАТТАМАСЫ №1

Белкөл кенті. 19 қаңтар 2025 жыл Сағ:11-00
Жиналыс төрағасы: Ж.Сәду – Белкөл кенті әкімі.
Жиналыс хатшысы: Н.Куанышбаев – бас маман.
Жиналысқа қатысқандар: Қоғамдық кеңес төрағасы, мүшелері, ардагерлер кеңесінің төрағасы, Белкөл кентінің тұрғындары.
Барлығы – 25 адам.

Күн тәртібінде:
 1. Белкөл кентіндегі Путьцев, Путьцев тұйығы, Зеленая көшелеріне атау беру туралы.
 2. Пікір алмасу.

Тыңдалды:
 Жиналысты Белкөл кентінің әкімі Ж.Сәду ашып, күн тәртібінде талқыланатын мәселемен таныстырды.

Ж.Сәду – Белкөл кентінің әкімі: Бүгінгі күннің күн тәртібінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 211 бұйрығы талаптарын сақтай отырып және Қызылорда облысы бойынша «Идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулары бар елді мекендер мен олардың құрамдас бөліктерін қайта атау жөніндегі 2022-2025 жылдарға арналған Жол картасына» сәйкес Белкөл кентіндегі құрамдас бөліктерге атау беру мақсатында халықтың

пікірлерін ескере отырып кентіміздегі көшелерге атау беру және қайта атау туралы ұсынысқа байланысты төмендегідей мәлімдеді:

Путьцев көшесін – Сауран, Путьцев тұйық көшесін - Теректі есімімен, Зеленая көшесін - Жасыбай есімімен қайта атау ұсынысын айтты.

Белкөл кентінің тұрғындары жоғарыда ұсынылған көшелердің атаулары мен жер-су атауларымен танысып жанадан атау беруге келіп түскен ұсыныстарға толықтай келісетіндігі туралы бір ауыздан қолдау білдіріп, шешім етті. Қарсы – жоқ, қалыс – жоқ.

ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1.Көше атауын беру жиналысына қатысқан тұрғындардың пікірін талқылай келе құрамдас бөліктерге атау беру барысында ұсынылған жер-су атауларына қолдау білдіре отырып, тиісті заңдылықтарға сәйкес қажетті құжаттарды дайындап, Қызылорда қаласы әкімдігі жанындағы ономастикалық жұмысшы тобының қарауына ұсынылсын;

2.Осы хаттаманың орындалуы кент әкімі Ж.Сәдуден сұралсын.

Жиналыс төрағасы: Ж.Сәду
Жиналыс хатшысы: Н.Куанышбаев

ТҰРМЫСТАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАЙЫҚ!

Тұрғын үйлердегі өрттер көбінесе өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін сақтамаудан, жанып жатқан пештерді немесе іске қосылған тұрмыстық электр аспаптарын қараусыз қалдырудан, жылыту жүйелерінің қатып қалған құбырларын жылыту үшін ашық отты пайдаланудан, дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезінде өртке қарсы ережелерді сақтамаудан, отты абайсыз пайдаланудан және балалардың отпен ойнауынан туындайды.

Тұрғын үйлердегі өрттер үлкен материалдық зиян келтіреді, кейде адамдардың өліміне әкеледі. Тұрғын үйлерде өрттердің алдын алу үшін пәтерлерде, жертелелерде, шатырларда және шаруашылық қоймаларында өртке қарсы қатаң режимді сақтау қажет. Көрсетілген Үй-жайлар жанғыш материалдардан, кокистан, қағаздан және т. б. тазартылуы тиіс.

Шатырлы және жертелелі үй-жайларын үнемі құлыптармен жабық ұстау керек. Бұл үй-жайларға кіруге адамдардың белгілі бір шеңберіне ғана рұқсат етіледі. Жертелелер мен шатырларда тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды сақтауға, темекі шегуге, дәнекерлеу шамдарын қолдануға немесе ашық отты пайдалануға қатаң тыйым салынады.

Жертелелерге, шатырларға немесе тұрмыстық қоймаларға барған кезде жарықтандыру үшін тек электр қалта шамдарын пайдалануға болатындығын есте ұстаған жөн. Саты торларының габариттерінде шаруашылық қоймаларын орналастыруға, ал өту жолдарын, дәліздер мен шығу жолдарын жәшіктермен, шкафтармен және басқа да заттармен үйіп тастауға рұқсат етілмейді.

Үлкен сақтық сақтау қажет, пеш жаққан кезде,



пайдаланған тұрмыстық қыздырғыш аспаптармен. Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолдана отырып пешті жағуға, жанып жатқан пешті қараусыз қалдыруға, олардың оттығын көмекетке толмаған балаларға тапсыруға қатаң тыйым салынады. Жылыту маусымы басталар алдында жылыту аспаптарындағы ақауларды жою қажет.

Өрт жарық сымдарының дұрыс жұмыс істеуінен болатын жағдайлар бар. Оның техникалық жарамды болуы, нормаланған сақтандырыштары болуы және жалаңаш телімдері болмауы тиіс екенін білу керек.

Үйден шыққан кезде барлық тұрмыстық электр аспаптары өшірілуі керек.

Ибрагимов Нұрсұлтан Жаңабайұлы Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары азаматтық қорғау полковнигі